

С.И. Жақсыбаев, Қ.Ә. Ниязбеков

ҚАЗАҚ
жайлы сөз

Жақсыбаев С.И., Ниязбеков Қ.Ә.

ҚАЗАҚ **жайлы сөз**

Павлодар, 2013

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
Ж 21

Жақсыбаев С.И., Ниязбеков Қ.Ә.

Ж 21 Қазақ жайлы сөз. – Павлодар: – Сытина баспаханасы, 2013. – 164 б.

ISBN 978-601-7205-59-1

Ассалаумағалайкүм, қадірменді Оқырман!

Бұл кітапта Қазақ хандығының құрылуы, «қазақ» деген этнонимдік атаудың пайда болуы және қазақ шежіресіне қатысты соны пайымдаулар әңгіме болады. Сонымен бірге XIV ғасырда өмір сүрген Қарақожа батырдың 8-ші ұрпағы Сатылғанның бүгінге дейінгі үрім – бұтақтарының таратылуы және оның белгілі ұрпақтарының өмірлеріне байланысты қысқаша деректер берілген.

Кітап қазақ тарихына ықылас қойып жүрген жастарға және көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7205-59-1

© Жақсыбаев С.И., 2013

*Ұлы Түрк бабамыздың ұрпақтары –
бұрынғы қас сақтан бүгінгі қазаққа жеткен
халықтың ертеңгі мәңгілік жолына сәт
сапар айтып, ақ тілек білдірушілер:*

*Серік Жақсыбаев
Қойшыбай Ниязбеков*

Жазушы Асқар Сүлейменовше айтсақ, басқа халық маймылдан жаралса, ал, біздің қазақ осы Ұлы Далада жылқымен бірге жаратылған. Демек, қазақ пен жылқы – егіздей. Сондықтан қазақ – жылқы мінезді.

Қазақстан жер көлемінің әрбір шаршы метрінде құс қанатты тұлпар тұяғының мәңгілік қалған ізі бар.

1916 жылы қазақ жерінде 5 640 000 бас жылқы болған. Осы көрсеткіш бұдан әрі асырылса, қазақтың көсегесі тіптен көгерері хақ.

Мадақ емес, шындық дүр: Бүгінде домбыра іспетті нағыз қазақ – Елбасымыз Нұрекең.



Ежелден сәйгүлік баптаған елдің ұрпағымыз.

Нұрсұлтан Назарбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ



ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ





іздің жыл санауымыздан бұрынғы кезден бастап, біздің заманның 1466 жылына дейін қазіргі Қазақстан жерінде өмір сүрген түркілердің аталық биліктен мемлекеттік билік сатысына жету түрлері 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте

Түркілердің билік сатыларының дамуы


Билік шеңбері	Билік шеңберінің құрамы	Билік иесі
Адамдар тобы	Бір әулеттің ¹ ұрпақтары	Ата немесе ақсақал
Ру	Бір атадан тараған 9 әулеттің ұрпақтары	Би
Тайпа	Тілдес рулар бірлестігі (одағы)	Тайпа басы (көсемі)
Тайпалар одағы (бірлестігі)	Тілдес тайпалар	Тайпалар көсемі
Хандық мемлекет	Тілдес рулар, тайпалар, тайпалар одағы (бірлестігі)	Хан

Енді орта ғасыр тарихына қарай аз шегініс жасап, алдымен қысқа түрде айтармыз: Қазақ хандығының құрылуына тікелей негізі бар Жошы хан ұлысынан 1243 жылы бөлініп шыққан Алтын Орданың саяси ахуалы жайында.

Алтын Орда иелігіндегі ұлан-ғайыр аймақ Дешті Қыпшақ жерінде болғандықтан және оның құрамындағы тайпалардың

¹ Әулет – бір атаның ұрпақтары.

дені саналған қыпшақ тайпасының ел басқарудағы рөлінің басымдылығына байланысты осы феодалдық мемлекет кейбір шығыс пен батыс деректерінде «Қыпшақ мемлекеті» деп аталса, кейін осында 30 жыл хан болған Өзбектің (1282-1341 жж.) құрметіне «Өзбек ұлысы» боп та аталған [43, 43].



I сурет. XIV – XV ғасырдың бірінші жартысындағы қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылымдар

XIII ғасыр мен XIV ғасырдың басында Алтын Орда құрамында Шайбан ұлысы, Көк Орда, Ақ Орда деген мемлекеттер пайда болды. Бұл мемлекеттерді Жошы ханның балалары Орда (Ежен), Батый (Сайын), Шайбан ұрпақтары басқарды.

Ақ Орда – Қазақстан аумағында жергілікті тайпалардың (қыпшақ, арғын, қоңырат, керей, найман, үйсін, қарлұқ, қаңлы, т.б.) негізінде құрылған алғашқы феодалдық мемлекет болды. 1419 жылы Ақ Орданың билік басына Ежен ұрпағы Барак сұлтан келеді.

Ақ Орданың XV ғасырдың басында Жошы хан ұрпақтарының өзара хандық билікке қиян-кескі таластары салдарынан ыдырауы кезінде 1428 жылы жергілікті тайпалар билерінің қолдауымен Дәулетшайықтың 16 жасар баласы Әбілқайыр (1412-1469 жж.) Ақ Ордадағы хан болып сайланады. Сөйтіп, Барақ ханнан кейін Ақ Ордада Ежен әулеті құлады да, Шығыс Дешті қыпшақтағы саяси билік шайбанилер әулетіне көшеді. Сосын Ақ Орда – Қыпшақ хандығы аталып Батыс Сібірдегі Тура өзені бойындағы Тура немесе Чимги-Тура (қазіргі Тюмень) қаласы оның астанасы болды. Бұл хандықты Шоқан Уәлиханов: «Шайбанилер әулетінің Тюмень Ордасы» деп те жазады [10, 193].

Кейін, XV ғасырдың басында, Ақ Орда мен Шайбан ұлысы бірігіп, «Өзбек ұлысы» деп аталды. 40-шы жылдары оның астанасы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласына ауысады.

Әбілқайыр хан кезінде Өзбек ұлысы саяси және әскери құрамы жағынан алып карағанда қуатты мемлекет есебінде саналған еді.

Өзбек ұлысының аумағы Батыс Сібірдің орманды даласынан Сырдарияның төменгі бөлігіне, оңтүстік-шығыста – Моғолстан мемлекетінің шекарасына, Ертістің төмендегі бөлігінен бастап Жайық өзеніне дейінгі аймақты қамтыды [10, 393].

1465-66 жылдары осы ұлыстың құрамындағы тайпалардың едәуір бөлігі Қазақ хандығының құрамына кірген болатұғын. Және солардың басым көпшілігі XIV ғасырдың кезінде-ақ өздерін «қазақпыз» деп санаған-ды. Сондықтан бұл ұлыс «Өзбек-Қазақ хандығы» деп те аталды [39, 43].

Осы тұста айта кетер бір жайт бар. Ол – Өзбек ұлысының этникалық² құрамында түркілердің 92 руы мен тайпасы болғаны. Осы рулар мен тайпалар тарихи әдебиеттерде «көшпелі өзбектер» деп жазылады. Олардың не себепті осылайша аталғаны осы кітаптың екінші тарауында сөз болады.

² Этникалық – адамдардың ерекше тарихи жағдайда қалыптасқан әлеуметтік тұрақты топтарына байланысты тұтастығы.

Сонымен бірге кейбір әдебиет пен шежірелерде аталмыш рулар мен тайпалар «тоқсан екі баулы³ қыпшақ» деп те жазылып жүр. Ал, тарихшы, этнограф Құрбанғали Халид (1846-1913 жж.) 92 түркі ру мен тайпасын ғылыми негізі жоқ қайдағы бір аңыздың желісімен «тоқсан екі баулы өзбек» деп жазады. [1, 57]⁴.

Сөз болып отырған 92 ру мен тайпаның көпшілігі бүгінде қазақ ұлтының этникалық құрамында бар (осы кітаптың соңындағы № 1 қосымшаны қараңыз), ал біразы басқа түркі тілдес ұлттардың құрамына кірді.

Осы ретте қазіргі өзбек халқының этникалық құрамы туралы да айта кету керек секілді. Тарихи деректемелер бойынша өзбектер – бір тобы 224 жылы негізін І Ардашир салған парсы патшаларының сасанилер әулетінен, бір тобы селжуктер әулетінен, бір тобы қазақ даласынан көшіп барған шайбанилер әулетінен, енді бір тобы қаңлылардан тұрады. Тағы бір айтар жайт, Құрбанғали Халид осы кітаптың соңындағы № 2 қосымшадағы «тоқсан екі баулы өзбек» тізімінде «өзбек» атты тайпаны көрсетеді. Әрине, мұның қате екені даусыз, себебі түркі тарихында «өзбек» деген тайпа болған емес.

Жоғарыда сөз болған жайттарды сараптап қарағанда «көшпелі өзбектерді» қазіргі өзбектермен байланыстыруға болмайды. Әйтпегенде, кейбір оқырмандар қазақты өзбектен шықты деп ойлауы мүмкін.

«Көшпелі өзбектер» деп жазылып жүрген тайпалардың тізімі бар белгілі тарихи жазбалардың ішіндегі ең көнесі – ферғаналық Сайф ад-Дин Аксикендидің XVI ғасырда тәжік тілінде жазылған «Маджму ат-таварих» атты шығармасы [38,

³ Баулы – «текті» деген мағынада, яғни «тоқсан екі текті өзбек», «тоқсан екі текті қыпшақ».

⁴ Квадратты жақшаның ішіндегі бірінші цифр – осы кітаптың соңындағы «Пайдаланылған әдебиеттер» тізімі бойынша берілген әдебиеттің реттік нөмірі. Үтірден кейінгі сандар сол әдебиеттен сөздәйек немесе дерек алынған беттерді көрсетеді.

200]. Мұндағы аталмыш тайпалар тізімі осы кітаптың соңындағы № 1 қосымшада берілген. Ал, осы кітаптың соңындағы № 2 қосымшадағы Құрбанғали Халидтың «тоқсан екі баулы өзбек» тізіміндегі 92 тайпаның атаулары № 1 қосымшадағы атаулардан мүлдем басқаша.

Отыз жылдай қазіргі Қазақстан аумағында Өзбек ұлысын билеп, дүркіреп тұрған қаһарлы Әбілқайырдың әскері 1457 жылы Сығанақ қаласы жанында Өз-Темір тайшы басқарған ойраттардан ойсырай жеңілгені тарихтан белгілі. Осыдан кейін Әбілқайыр хандығының саяси ахуалы күрт нашарлап, қарапайым көшпелілер мен Жошы хан ұрпақтарының оған деген көзқарастары өзгеріп, ел ішінде өзара араздық күшейе түседі. Оның үстіне мемлекет ішіндегі қайшылықтардың шиеленісуіне Әбілқайыр ханның ойраттар шапқыншылығынан болған шығынды өтеу мақсатымен иелігінде малы бар адамдардан жиналатын алым-салық мөлшерін едәуір өсіруі де қатты әсер етеді. Осы кезде Тоқай-Темірден⁵ тарайтын Жошы хан ұрпақтары Жәнібек Баракұлы мен Керей Болатұлының⁶ да хан тағына отыруға үміттері болатынды. Бұл үміттің астарында, біздің пайымдауымызша, Барак хан өлгеннен кейін оның иелігіндегі жерлер мен ұрпақтары түгелдей Шайбан⁷ ұрпағы Әбілқайыр ханның қарамағына қарап кеткені жатқан секілді. Сол себепті Жәнібек пен Керейдің Әбілқайырға тәуелді болуы, әрине, кезінде азда болса да биліктің тәтті дәмін татып қалған Орыс ханның ұрпақтарына онша ұнамағаны түсінікті. Алайда Жәнібек пен Керей сұлтандар⁸ Әбілқайыр ханмен ашық түрде күресіп өз ойларын жүзеге асыруға шамалары

⁵ Тоқай – Темір – Жошы ханның 13-ші ұлы.

⁶ Тоқай – Темірдің шөпшегі Орыс ханның балалары: Құйыршық хан, Тоқтақия хан. Құйыршықтан: Барак хан, одан Жәнібек; Тоқтақиядан: Болат, одан Керей. Демек, Жәнібек пен Керей шөберелес туыс болады.

⁷ Шайбан – Жошы ханның 5-ші ұлы.

⁸ Сұлтан – ханның хандық билікке ие болмаған ұлы.

келмейтіндіктерін жақсы түсінетін-ді. Сондықтан Жәнібек пен Керей сәті түсті-ау деген кезде мүмкіндікті жедел пайдаланып, шамамен 1459-1460 жылдары елдегі Әбілқайырға қарсы пиғылдағы біраз жұртты сондарынан ерітіп, Қыпшақ хандығынан бөлініп шығып, көршіліс Есенбұға ханның жері Моғолстанға⁹ қоныс аударады. Сонда Есенбұға хан өзімен жауласып жүрген інісі Жүністі қолдап отырған Әбілқайырдың күшін әлсіретуді ойлап, Жәнібек пен Керейді қуана қарсы алып, олардың иелігіне Шу өзені бойына жер бөліп береді [5, 232-235].

Сөз реті келгенде айта кетейік, бірқатар тарихшылар Жәнібек пен Керейдің Моғолстанға көшу себебін сол бір шырғалаң кезде Қаракыпшақ Қобыланды батырдың арғындардың биі Ақжолды (Дайырқожаны) Ұлытауда өлтірумен байланыстырады. Осы қайғылы оқиғаға байланысты қыпшақтар мен арғындардың арасында туған дау-дамайда Әбілқайыр хан батырды жақтайды. Осыған наразылық білдірген арғындардың біразы Жәнібек пен Керейдің соңынан еруіне себеп болғаны рас. Дегенмен, екі тайпа арасындағы талас-тартыстары екі сұлтанның Әбілқайыр ханнан бөлініп, көшіп кетуінің басты себебі деу, біздіңше, дұрыс емес. Ақжол бидің өлімі тек арғындардың бір бөлігінің ғана Жәнібек пен Керейдің қатарына қосылуға себеп болғаны шындыққа жанасады.

Әзірге қазақ тарихнамасында Жәнібек пен Керейдің Моғолстанға кеткенде олармен бірге қай тайпалардың қанша

⁹ Моғолстан (1346-1514 жж.) – Орта Азияның солтүстік-шығыс, Жетісу және Шығыс Түркістан аумағында Шыңғыс хан империясының ыдырауы салдарынан пайда болған мемлекеттің аты. Академик К. Байпақовтың айтуынша: бұл тарихи-географиялық топоним «моңғол» этнонимінің Орта Азия мен Қазақстанда «моғол» боп айтылуына және түркі мен парсы тілдеріндегі тарихи әдебиеттерде «моғол» деп жазылуына байланысты «Моғолстан» аталған [2,158]. К. Байпақовтың бұл тұжырымымен келісуге болмайды, өйткені сол кездегі түркі тілді моғолдар – қазіргі моңғолдардың арғы ата тегінен тармаған басқа жұрт [3, 371; 4, 78].

адамдары болғандығы жайында ешқандай жазба деректердің жоқтығы анық. Дегенмен, кейін де 1460-1465 жылдары Әбілқайыр ханға наразы болған бірсыпыра адамдардың Жәнібек пен Керейге келіп, қосылғаны белгілі [6, 103]. Сонымен, алты жылдың шамасында Жәнібек пен Керейді жақтаушылардың саны көбейіп, үлкен күшке айналады. Міне, осындай былайғы жұрттың көздеріне түсерліктей бір жерге шоғырланған адамдардың қомақты тобы ақырында екі сұлтанға жаңа хандық билікті орнатудың қажет екендігіне ой салғанға саяды.

Сөйтіп, ұзын сөздің қысқасы, осы жерде 1465 жылы Жәнібек пен Керей жаңа хандықтың іргесін қалағандай болып, 1466 жылы Қозыбасы төбесінде Қазақ хандығының алғашқы туын көтереді. Қозыбасы қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Тарғап ауылынан оңтүстік-шығыс бағыттағы сегіз шақырым қашықтықта жатқан Текшетаудың ішінде. Осы таудың ортасында дөңгеленіп келген Қозыбасы төбесі бар.

Қазақ хандығының тұңғыш ханы болып жасы үлкен Керей сайланып, Жәнібек сұлтан оның ақыл иесі болды. Сөйтіп, ағайынды хан мен сұлтан қолдаса қимылдап, Қазақ хандығының іргетасын нығайтуға кіріседі.

Керей мен Жәнібектің туған жылдары белгісіз. «Жәнібек» деген оның лақап аты, шын есімі Әбу-Сағит. Жәнібекті ел арасында сақталған аңыз-жырларда «Әз¹⁰-Жәнібек» деп те атайды. Ол шамамен 1477 жылы соғыста қазаға ұшырайды. Керей хан шамамен 1473 жылдан кейін Моғолстан ханы Жүністің ордасына жасалған шабуыл кезінде опат болады. Жалпы, Керей мен Жәнібек туралы тарихи деректер жоқтың қасы.

Қазақ хандығының тізгіні Керей ханнан кейін оның үлкен баласы Бұрындықтың (1480-1511 жж.) қолына тиеді.

¹⁰ Әз – «ардақты» деген мағынаны білдіреді.

Жәнібек пен Керей Жетісуда хандық құрғаннан бастап, оның құрамындағы көшпелі түркі тайпаларының жұрты¹¹ өздерін «қазақ» деп атай-тұғын болды. Сонымен, тарих бетіне алғаш рет Қазақ хандығы, қазақ тілі және қазақ халқы¹² келеді.

Сол кезде Қазақ хандығының құрамына кірген түркі тайпалары тегіс қыпшақ тілінде¹³ сөйлейтін еді. Бұл тілді Қазақ хандығы пайда болғаннан бастап, әрине, «қазақ тілі» деуіміз дұрыс болады. Сайып келгенде, қазақ тілі қыпшақтар сөздерінің диалектісі негізінде жетіліп қалыптасқан көне түркі сөздерінің табиғи және тікелей жалғасы болып саналады.

Алғашқы Қазақ хандығының этникалық құрамында Әбілқайыр хандығын мекендеген 92 түркі тайпалары тізімінде бар жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ, тама, қыят, қаңлы, керей, меркіт, табын, үйсін, кердері, қатаған, телеу, рамадан сияқты тайпалар болған [7, 210-213].

Қазақ халқының құрамына енген тайпалар XV ғасырдың бірінші жартысында Ертістің оң саласы – Омь өзенінен Сырдария өзенінің сол жақ орта өңіріне, Таулы Алтайдан Жем өзеніне дейінгі ұлан-байтақ аумақты қоныстанған болатын-ды. Бұл тайпалар осы жерлердің байырғы тұрғындары, сондай-ақ Алтын Орда, Ақ Орда және Моғолстанның этникалық негізі де болып саналатын-ды. Қазақ хандығы құрылуы қарсаңында қазақ халқының негізін салған белді тайпалардың өріс-қоныстары 2 кестеде көрсетілген.

¹¹ Жұрт – адамдардың жалпы жиыны.

¹² Қазақ халқы – қазақ елін мекендейтін, қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың жалпы жиыны.

¹³ Қыпшақ тілі – Алтын Орданың мемлекеттік тілі. Алтын Орда хандарының жарлықтары және сол кездегі көптеген әдеби шығармалар қыпшақ тілінде жазылғаны белгілі.

**Қазақ халқының құрамына енген
түркі тайпаларының XV ғасырдағы өріс-қоныстары**

Тайпалар аттары	Тайпалардың өріс-қоныстары
Арғын	Ертістің сол жақ өңірі, Орталық Қазақстан, ішінара Сырдария өзенінің оң жақ орта бойы және Жетісудың Батыс жағы
Жалайыр	Сырдарияның сол жақ орта өңірі, Қаратау баурайы, Жетісу аймағы
Керей, керейт ¹⁴	Жетісу және Тарбағатай, Таулы Алтай, Зайсан көлінен Омь және Тобыл өзендеріне дейінгі өңір, Жем және Торғай өзендерінің бойы
Қаңлы	Қаратау баурайы, Сырдария мен Талас өзендерінің арасы
Қоңырат	Түркістан мен Қаратау өңірі
Қыпшақ	Ертіс пен Торғай өзендерінің арасы, Тобыл өзенінің төменгі бойынан Сырдарияға дейінгі жерлер
Найман	Ұлытаудан Есіл өзеніне дейінгі өңір
Үйсін	Жетісу өңірі

Қорыта келгенде, қазіргі Қазақстан аумағын сан ғасырлар бойы мекен қылған байырғы түркі ру, тайпаларының мұрагерлері әртүрлі қоғамдық-экономикалық формацияларды бастарынан өткеріп, оның ішінде олар аталық биліктен бастап

¹⁴ Керейт – XIII ғасырда керейлердің бір бөлігі меркіттермен бірге Жем, Торғай өзендері бойын мекендейді. Осы жердегі керейлер кейін «керейт» атымен Кіші жүз құрамындағы Жетіру тайпалары бірлестігіне қосылады [8, 537].

мемлекеттік биліктің аясына жеткенде «қазақ» деген ресми этностық атқа ие халық болып қалыптасты.

Сонымен, тілдес, діндес, ділдес дәрежеде түркі тайпаларының бірігуі негізінде құрылған Қазақ хандығымен қатар бірыңғай этникалық топ-қазақ халқы қалыптасты. Шу мен Талас өзендерінің алабына орналасқан Қазақ хандығының аумағына XVI ғасырдағы деректемелерде тұңғыш рет «Қазақстан»¹⁵ деген атау қолданылды [9, 384-385].

Осы жерде айта кететін бір жайт – Алтын Орданың пайда болуы оның құрамындағы рулар мен тайпалардың қомақты бір бөлігінен алдағы уақытта тезірек қазақ халқының қалыптасуына айрықша жағдай туғызуы әбден ықтимал. Сондықтан Қазақ хандығы құрылуы қарсаңында Жәнібек пен Керейдің соңына ерген рулар мен тайпалар негізінен бір халық болып қалыптасуға дайын болғанын жоққа шығара алмаймыз. Мұны Жәнібек пен Керейдің де сезгені анық деуге болады. Алайда, «Әр жеміс өз кезінде пісіп жетіседі» демекші әртүрлі маңызды оқиғалардың да кемеліне келетін уақыты мен қолайлы мүмкіндігі болады ғой. Осы мәселе жөнінде ғұлама ғалым Шоқан Уалихановтың: «В известиях арабских историков, как я полагаю, не должно быть ничего о казаках, ибо, я уверен, народ этот образовался не ранее XIV века при распадении Джучиева (Жошы. – С.Ж.) улуса», – деген пікірімен толық келісуге болады. [10, 171].

Әрине, қазақ халқының этногенездік үдерісі бірнеше ғасырлардың нәтижесі. Бұл жөнінде белгілі тарихшы-ғалым М.Қ. Әбусейітова былай деп нақтылап жазады: «...образование Казахского ханства не было связано только с откочевкой Керей и Джанибека, а было обусловлено всем хозяйственным,

¹⁵ Қазақстан – бұл географиялық атаудағы «стан» – парсыша «қоныс» (мекен) деген сөз. Сонда «Қазақстан» – казактардың қонысы (мекені) деген мағынаны білдіреді.

социальным, политическим развитием средневекового Казахстана и особенностями этнической истории казахов (ерекшелеген біз). Данная откочевка является событийным отражением одного из важных этапов этих процессов» [11, 40-41].

Қазақ халқының түп тегі Нұқ пайғамбардың ұрпағы Түрк екендігі және одан өрбіп, өскен, кейін «түркі» деп аталған тайпалар болғаны тарихтан белгілі.

Ендігі айтылатын түйінді сөз: Ежелгі біздің жыл санауымыздан бұрынғы заманнан Қазақстан атты тарихи географиялық-этнографиялық ұлан-ғайыр аумақты мекендеген, генетикалық және тілдік-мәдениет жақындығы бар, мінез-құлық пен әдет-ғұрыпында ортақ сипаты бар және рухтас түркі тайпаларының (арғын, үйсін, қаңлы, найман, керей, қоңырат, қыпшақ, жалайыр, алшын, адай т.б.) тұрақты араласу, тоғысу және өзара құдандалы жекжат болулары нәтижесінде бір халық боп бірігудің толғағы жеткен кезде және этногенездің жалпы заңдылықтары бойынша табиғи түрде олардың дамуы толық аяқталғанда «қазақ» деген атпен қалыптасуы – басқа халықтардың өмірінде бұрын-соңды мүлдем болып көрмеген құбылыс. Солай болғанда, қазақ халқы – кездейсоқ жағдайда түркі тайпаларының жиынтығынан пайда болған жай бір құранды этнос емес, әуел баста қаңлы мен үйсін тайпаларының біздің заманға дейінгі II ғасырда құрған мемлекеттерінен бастап Қазақ хандығына дейін қазақ болған түркілердің шамамен 16 ғасыр бойы өз бастарынан саяси-қоғамдық өмірлерінде этникалық интеграция, консолидация, ассимиляция, сеперация, аккультурация сияқты объективті үдерістерді өткізіп, етене болып біріккен тұтас бір текті халық.

Осы тұста мына бір жайтты айтуға болатындай. Әдетте «алдымен тауық жаратылды ма немесе одан бұрын жұмыртқа пайда болды ма?» деген қитұрқы сұрақ бары белгілі. Бұл сауалға орай «алдымен Қазақ хандығы құрылып, содан кейін

қазақ халқы қалыптасты ма?» деген сұрақ та туындайды. Бұған айтар уәжіміз: жоғарыда айтып өткеніміздей, 1466 жылы тілі, мәдениеті, діні, дәстүрі, ділі ортақ болып, өздерін «қазақпыз» деп санаған Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығының іргелі түркі тайпалары Керей мен Жәнібек сұлтандардың басшылығымен Жетісу өңірінде Қазақ хандығының негізін қалады. Демек, қазақ халқының қалыптасуы Қазақ хандығы құрылуынан бұрын болды. Сосын көп жылдан кейін «Қазақстан» деген атау сөзі шықты. Сондықтан қазіргі біздің мемлекетіміздің атауы «Қазақстан Республикасы» емес, біздіңше, «Қазақ мемлекеті» деп аталуы дұрыс сияқты.

Жаңадан құрылған Қазақ хандығының шығысында ойраттар¹⁶, оңтүстік – батысында Әмір Темір әулеті билеген Сырдария мен Амудария аралығындағы Маураннахр¹⁷ мемлекеті, Солтүстігінде Сібір хандығы болатын-ды.

Қазақ хандарының Әбілқайыр ұрпақтары Хайдар ханмен, Мұхаммед Шейбани ханмен қазақтардың этникалық территориясын біріктіру жолындағы күресі Сырдария бойындағы көне қалаларды (Отырар, Сауран, Сығанақ, Түркістан және т.б.) басып алу соғысына ұласты. Осы тұста шын мәнісін айтсақ, бұл қалаларға Ақсақ Темір әулеті, Моғолстан хандары Жүніс пен Махмұд сұлтан да көз тігіп, Дешті Қыпшақты билеу жолындағы тартыста өздерінің экономикалық және соғыс тірегіне айналдырмақ болды. Бұлар үшін Сырдария бойындағы қалалар аймағының маңызы зор еді. Өйткені бұдан бұрынғы

¹⁶ Ойрат – «ойн ард» (орман халқы) деген сөзтіркесінен пайда болған аллоэтноним (аллоэтноним – белгілі бір этноскоға көршілес халықтардың берген атауы). Ойраттар Енисей өзенінің бастауында өмір сүрген [12, 323]. Бүгінде ойраттардың көпшілігі қазіргі моңғол халқының құрамына кіреді. Ойраттар – өздерінше сөйлеу ерекшеліктері бар түркі тілді халық.

¹⁷ Маураннахр – «Ма вара ан-нахр» деген араб сөзтіркесінің мағынасы: өзеннің арғы жағы [13, 477] – Амудария өзенінің оң жақ жағалауындағы жердің (мемлекеттің) аты.

Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығының саяси-әкімшілік және сауда-экономикалық орталықтары осы қалаларда болды.

Сырдария бойындағы қалалар үшін соғыс XV ғасырдың 80-90 жылдары Бұрындық ханның (1480-1511 жж.) тұсында да болды. Батыс Жетісудағы иеліктеріне және жаулап алған оңтүстіктегі бірқатар қалаларға (Созақ, Сығанақ, Сауран т.б.) сүйенген қазақ хандары Дешті Қыпшаққа үміткерлердің бірінен соң бірін жеңіп, өз иеліктеріндегі жерлердің аумағын едәуір ұлғайтты. Дешті Қыпшақта қазақ хандары билігінің нығаюы Шайбани ханды Дешті Қыпшақ тайпаларының біраз бөлігімен Маураннахрға ығысуға мәжбүр етті. Қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайы Қасым ханның (1511-1523 жж.) тұсында одан әрі нығайып, күшті мемлекетке айналды. Ол Маураннахрдағы Шейбани мемлекетінің (1500-1598 жж.) ханы Мұхаммед Шейбаниді (1451-1510 жж.) тізе бүктіріп, Сырдария бойындағы көне қалаларды тегіс Қазақ хандығына қаратты. Содан кейін Қасым хан феодал ақсүйектердің Қазақ хандығына деген қарсылығын тұншықтырып, әскер қуатын арттырды, өзіне тәуелді қазақ халқының жерін кеңейте түсті. Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегі (1541-1545 жж.) «Тарих – и Рашиди» және «Шейбанинама»¹⁸ деректемелеріндегі мәліметтерге қарағанда қазақтардың этникалық территориясының негізгі аймақтары Қазақ хандығына Қасым тұсында біріктірілген [9, 385]. Қазақ хандығының шекарасы батыста Жайыққа, оңтүстік-батыста Сырдарияның оң жағалауына дейін жетіп, оңтүстіктегі қалаларды қосып алды, солтүстікте Ұлытау мен Балқаштан әрі асып, оңтүстік-шығыста Жетісу жерінің дені

¹⁸ Шейбанинама – Әбілқайыр ханның немересі, Шаһбұдақ сұлтанның баласы Шейбани ханның өмірі, жорықтары, ел басқару жайы туралы Орта Азия авторларының жазған бірнеше шығармаларының аты. Кейбір қазақ кітаптарында [22, 164] «Шайбанинама» деп қате жазылған, дұрысы: «Шейбанинама» [10, 69, 170, 370].

(Шу, Талас, Қаратал, Іле өзендерінің алабы) Қасым ханға қарады.

XV ғасырдың ақыры мен XVI ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ халқын құрайтын негізгі этникалық тайпалардың мемлекеттік бірлестігі халықтың бірігу процесінің жеделдеуі түсті. Қазақ хандығының нығайып, халықтың бірігу процесі жеделдеумен бірге оның «қазақтар» деген атауы да бекіді. Жәнібек пен Керей құрған хандық нығайғаннан кейін оның құрамындағы барлық тұрғындар деректемелерде «қазақтар» деп атала-тұғын болды. Сөйтіп, «қазақ» термині бірте-бірте этностық мәнге ие болды деуге болады. Осы кезде қазақ халқының саны бір миллионға жетеді [14, 144]. Көршілес үлкен мемлекеттердің ішінде Ұлы князь III-ші Василий (1479-1533 жж.) басқарған Москва мемлекеті бірінші болып, Қазақ хандығымен дипломатиялық байланыс орнатады [5, 275].

Қасым хан көшпелі қазақ халқына күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, ой-көзқарасына орай жаңа тәртіп орнатқаны тарихтан белгілі. Оның қазақ халқы алдындағы зор еңбегінің бірі – тарихымызға «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен кірген Қазақ мемлекетінің тұңғыш құқықтық құжатты жасауы болды. Бұл құжатта: мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралары, жалпы әлеумет заңы сияқты бес бөлімді ережелер болды. Бұл құжат кейін Тәуке хан тұсында шыққан әдет заңдары «Жеті жарғыға»¹⁹ негіз болғаны белгілі. Сондықтан тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдіретті ешкім болған емес», – деп тегін жазбаған. Қазақ хандығының ұлғаюы мен нығаюына кейін Ақназар, Есім, Тәуке хандар зор үлес қосты. Қазақ хандығы бастапқыда ондаған тайпалардан құралса да, кейін оның құрамына туысқан басқа

¹⁹ Жарғы – көне түркі сөзі, «жүгініс» деген ұғымды білдіреді.

ру – тайпалар қосылды. Мәселен, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы біржолата ыдырағаннан кейін осы мемлекеттердің құрамындағы көптеген рулар Қазақ хандығындағы өз тайпаларына келіп қосылды. Осы жұртпен бірге кейбір түркі рулары мен тайпаларының өкілдері де қазақ халқының құрамына енді. Сөйтіп, XVII ғасырдың басында қазақ халқының бірігуі аяқталды. XVII ғасырдың аяғында қазақ халқының құрамында шамамен үш жүздей ру болды [15, 17].

Сонымен, XVII ғасырдың соңында қазақ халқы ұлт²⁰ болып қалыптасты. Сөз ретінде айта кетсек, ұлт – халықтан кейін туындайтын тарихи категория.


Қазіргі ұлан-байтақ ата қоныс мекенін қазақ халқы, әрине, ғайыптан сыйлыққа алған жоқ, бұл жер сан ғасырлар бойы қазақты дүниеге әкелген түркі тайпаларының байырғы мекені болғаны баршаға аян. Оның әрбір шаршы метр жерін Ұлы ата-бабаларымыз сыртқы жауымыз болған жоңғарлармен²¹ бір жарым ғасырдай (1604-1758 жж.) арпалысып, атысып-шабысып дегендей қорғай алды.

Міне, Қазақ хандығының құрылуы жөнінде қолда бар деректерге сүйеніп айтылған тоқ етерлік әңгімелер осы еді.

Енді жоғарыда айтылған ойлардан туындайтын түйінді пікірлер:

²⁰ Ұлт – территория ортақтығы, экономикалық өмір тұтастығы, әдеби тіл мен мәдениет және мінез-құлықтың бірге даму үрдісі негізінде бірігіп, қалыптасқан адамдардың жиынтық тобы.

²¹ XII ғасырдың соңында қазіргі Монғолияның батысында торғауыт, хошут, чорос, хойты, т.б. түркі тайпалары «ойрат» деген ортақ атаумен бір саяси одаққа бірігеді. Ойраттар өз еріктерімен Шыңғыс ханға қосылып, әскерінің сол қанатын құрады. Осы «сол қанат» деген мағына беретін ойратша «зүн гар» сөзі кейінірек «жоңғар» деген сөзге айналып, ойраттар осылай да атала бастайды. Жоңғар хандығы (1635-1758 жж.) жойылғаннан кейін, ойраттардың бір бөлігі Еділ өзенінің құйылысындағы Ресей жеріне өтіп, қалмақтар деп аталды [16, 21]. Бүгінде бұл жерде Қалмак автономиялы республикасы бар.



2 сурет. XV – XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы

Шарпы белгілер: 1. XV ғасырдың 60-жылдарының орта кезіндегі Қазақ хандығы; 2. XV ғ. аяғындағы Қазақ хандығының территориясы; 3. XVI ғ. бірінші ширегіндегі Қазақ хандығы территориясының ұлғаюы; 4. XVI ғ. аяғындағы қазақ хандарының иеліктері

1. Сак және ғұн (күн) тайпалар одағы күллі түркі тілді халықтардың, соның ішінде қазақ халқының да түп тегі.

2. Қазіргі Қазақстан аумағында біздің жыл санауымыздан бұрын болған Қаңлы мемлекетінен бастап санағанда 1465 жылға дейін 19 түркі тілді тайпалардың мемлекеті болды.

3. Керей мен Жәнібек сұлтандардың өздерін «қазақпыз» деп санаған біраз жұртпен Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Моғолстан жеріне қоныс аударуы өз кезегінде қазақ халқының этногенезінің аяқталуына және Қазақ хандығының тезірек құрылуына қолайлы жағдай жасады.

4. Қазақ халқы – бірнеше түркі тілдес тайпалардың этникалық бірігуінен пайда болған көп рулы біртұтас автохтонды халық.


5. «Қазақ» деген сөз – автоэтноним (халықтың өзіндік атауы).

6. Қазақ хандығы – бір ұлтты болып құрылған мемлекет.

7. Барша түркі әулетінің Еуразия қосқұрлығының қақ ортасына орналасқан кара шаңырағына қазақ халқы ие болды. Осы жөнінде қазақтың аса талантты ақыны Мағжан Жұмабаев өзінің «Түркістан» атты өлеңінде:

«Көп түрік енші алып тарасқанда, казакта кара шаңырақ қалған жоқ па?» – деп [17, 175] тегін айтпаған ғой.

Міне, бүгінде осы кара шаңырақта біздер мәңгілік ел болуға бет алып, шат-шадыман күйде өмір сүріп жатырмыз.



ЕКІНШІ БӨЛ



ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ МАҒЫНАСЫ





на тіліміздегі киелі де қасиетті сөздердің бірі – қазақ. Бұл сөзді басынан бастап оқып айтсаң да, мейлі аяғынан бастап теріс оқысаң да атауын сақтайды. Қазақ – біздің халқымыз бен ұлтымыздың атауы. Ал, осы ұлы сөз тарихи деректемелерде Х-шы ғасырдан бері жазылып та, айтылып та келе жатса да, әлі күнге дейін зерттеушілер арасында оның шығуы мен ұғымы туралы бір-біріне қарама-қарсы талай-талай пікірлер айтылып, талас тудырып келеді. Алайда олардың бәрін тәптіштеп айтып және солардың әрқайсысы жөнінде жеке-жеке талдау жасау – басқа ғылыми еңбектің арқауына жатады. Дегенмен, сол пікірлердің ішінен осы уақытқа шейін көбірек тілге тиек болып келе жатқан төмендегі үш жорамал пікірге тоқтала кетуді жөн көрдік.

1. Қаз-ақ. Бағзы заманда көсіліп жатқан бетегелі кең далада дәл бір түзу сызықтай біріне-бірі тіркесіп кетіп бара жатқан арбалы, аттылы, түйелі қалың жұрттың көшін көрген жолаушылардың бірі: «Па, шіркін! Мына көш ұшып бара жатқан қаз-ақ екен», – депті. Содан кейін осы жұрт қазақ аталып кетіпті-мыс.

2. Қас сақ. Мұндағы «қас» деген сөз көне түркі тілінде «нағыз» деген ұғымды білдіреді. Мысалы, осы мағынада қазақ тілінде: «қас сұлуда мін болмас, қас жүйрікте сын болмас», «қас жау», «қас батыр» сияқты сөз тіркестері бар. Демек, «қас сақ» – нағыз сақ» деген мағынада. Осы «қас сақ» сөз тіркесінен этностың аты «қазақ» деген этноним пайда болған. Бұл пікірді алғаш талантты тарихшы-ғалым С.М. Ақынжановтың (1939-1991 жж.) әкесі, белгілі ғалым Мұсатай Ақынжанов айтқаны белгілі. Шынында да, «қас сақ» деген сөз тіркесіндегі қатар келген тіс жолды үнді екі «с» дыбысы айтыла келе көмескіленіп, сон-

дай үнді бір «з» дыбысына ауысуы қазақ тілінің фонетикалық сингармонизм, яғни үндестік заңына қайшы келмейді. Тіпті «қас сақ» сөз тіркесін жылдамдата қайталап айта берсек, оның «қазақ» деген сөзге айналып кететініне әр адамның көзі жетеді.

Мұндай екі-үш сөзден қосылған этнонимдер түркі тайпаларында ертеден бар нәрсе. Мысалы, «найман» деген этноним «най» (сегіз) және «ман» (кісі) сөздерінің қосылуынан шыққан. Ал, «массагеттер» деген этноним «мас», «сақ» және «кете» деген үш тайпаның аттарының бірге қосылуынан пайда болған. Мұндағы «мас»²² – сақ тайпалар бірлестігінің құрамындағы тайпаның аты болса, ал «кете»²³ Кіші жүздегі Қаракесек тайпалар бірлестігіндегі тайпаның аты [18, 70]. Осы «кете» этнонимы қазіргі күні қазақтың тарихи әдебиетінде «геттер» деп жазылып жүрген атау болуы мүмкін [19, 277]. Өйткені орыстың шығыс зерттеуші ғалымы С.П. Толстов (1907-1976 жж.) массагеттер атауын фракиялық²⁴ геттер атауымен байланыстырады [20, 502-503]. Арғытүркі тайпасы саналатын кетелер (геттер) біздің заманнан бұрынғы І-ші ғасырда төменгі Дунай өзенінің екі жағын мекендегені тарихтан белгілі [21, 298]. Ал бұл жер-ежелгі скифтердің (арғытүркілердің) қонысы. Демек, еуропалық ғалымдар ертеден бері кетелерді «геты», «готы» [21, 331] деп бұрмалап жазған. Біздің жыл санауымыздан алты ғасырдан арғы кезде қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген сақтар көршілес парсы және қытай елдеріне өздерін «біз қас сақпыз» деп таныстыратын болған. Сондықтан бұл елдер оларды қазіргі қазақ атауына тым ұқсас «хасақ», «һасақ», «козак» деп атаған. Осы айтқанымызға мына бір тарихи дерек дәлел бола алады.

²² Мас – грекше «masyo» – «балық» деген сөзден шыққан. Бұл тайпа жұрты Арал теңізінің оңтүстік жағасында өмір сүріп, балық аулау кәсібімен айналысқан. Сондықтан бұл атау «Балық жегіштер» деген ұғымды білдіреді [20, 502].

²³ Кете жұрты – академик Әлкей Марғұланның айтуынша, Сырдария бойын XII ғасырға дейін қоныстанып, Батыс Түркі қағанатына қараған Оғыз тайпаларының бірі.

²⁴ Фракия – Балкан түбегінің солтүстік – шығыс жағы.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ирандағы британдық отарлау әскерінің майоры Г.К. Роулингсон Бехистун тауынан Ахемен әулетінің Хамадан қаласына таяу орналасқан жазғы ордасы маңынан біздің заманнан бұрынғы VI ғасырда жартасқа қашалып салынған сына жазулы тексті бар берельефті алғаш ашудың абыройына ие болады.

Осы барельефте салтанатты түрде отырған ежелгі Персияның патшасы Дарий I бейнеленген. Оның алдында түрегеп тұрған тоғыз кісінің кескін – келбеті бейнеленген. Бухар – шахиншахқа қастандық жасауға қатысқаны үшін тұтқындалғандар. «Мұндағы 9-шы адам – сөзсіз парсы емес. Осы скульптуралық кейіпкердің басында шошақ төбелі бас киім. Оның төбесінен жоғары **sk – un – ha – s – ak** жазуы бар», – дейді Алла Тағаланың қазаққа бере салған алтын айдарлы ұлы, XX ғасыр саңлағы Олжас Сүлейменов [23, 369].

Осы жерде айта кететін нәрсе – Орта Азия мен Қазақстан жерлерін мекендеген сақтар ерте заманда үш түрлі топқа бөлінген. Атап айтқанда, Накширустамдағы (Персепольдың маңында) I Дарий патшаның сына жазуларында мынадай сақтардың бары жазылған: Хаумаварга – сақтары (діни салт бойынша хаома өсімдігінің жапырақтарын жеп мас болатын сақтар), тиграхауда-сақтары (шошақ төбелі бөрікті сақтар) және тияйтарадарайя – сақтары (Каспий теңізінің шығысындағы сақтар). Бұлардың біріншілері Ферғана аймағын, екіншілері Сырдарияның оң жағалауы, Арал теңізі және Жетісу өңірлерін, ал үшіншілері Каспий мен Арал теңіздерінің солтүстігін мекендеген [24, 18].

Шошақ бөрікті сақтар туралы Геродот: «Саки же (скифское племя) носили на головах высокие островерхие тюрбаны, плотные, так что стояли прямо», – деп жазады [25, 332]. Осы шошақ бөрікті сақтардың анық болғандығын мына бір дерек растайды: «Қытайдағы Құлжа қаласының шығысындағы Абыралы тауының бөктеріндегі Күнес өзенінің оңтүстік жағасында

жүргізілген археологиялық қазындыдан шошақ бөрікті сақ батырының мүсіні шығады [26, 49].

Енді жоғарыда сөз болған **sk – un – ha – s – ak** жазуына қайта оралып айтсақ, Геродот кітабында [25] Орталық Азияда көшпелі сақтар туралы жазылғанын білетін Роулингсон жоғарыдағы жазудың белгілерін антропонимдық дыбыс тіркесіне санап, оларды былайша жазып біріктіреді: «skunha – sak». Алайда зерттеушілер «skunha» деген сөздің мағынасын ажырата алмайды. Осы жазуды Олжас Сүлейменов басқаша «skun hasak» деген түрге келтіріп, оның тәржімесі «hasak көсемі» екендігін анықтайды. Одан әрі Олжас Сүлейменов былай деп жазады: «... В мировой ономастике соответствий **skunha** не обнаруживается. И в словарях также».

Надпись не пострадает, если мы попытаемся распределить слоги в ином порядке: **skun kasak**. Титул и этноним. «Вождь (воевода) хасак». Праформа могла быть **skun kasak**. Буквально: «Второй касак», а если учесть озвончение между гласными, то устно – «казак».

Этноним мог произноситься в диалектах и kosak...

Пока будем считать возможным, что этноним **kazak** (kasak, gazak, gzak, kozak) находит своего предтечу в звукосочетании hasak из Бехистунской надписи 6 века до н.э. «Skun hasak» – «Вождь (воевода) хасак» [23, 369].

Енді «кас сақ» деген сөз тіркесіне байланысты айрықша мән бере кетуді қажет ететін мынандай бір тарихи деректі де айтқанымыз жөн. 1960 жылғы қазақша жыртылмалы күнтізбенің 9-шы ақпандағы парағының сыртына басылған тарихшы-ғалым Мұсатай Ақынжанов өзінің «Мынаны білесіз бе?» деген шағын хабарламасында: «1955 жылы басылып шыққан «Батыс-солтүстік аз ұлттар тарихының деректері» атты жинақта: «Біздің заманымыздан арғы 250-100 жылдарда түркі ұлыстарының бірі-үйсін тайпасынан Қытай императорының сарайына елші болып барғандар өздерін «кас сақпыз» деп таныстырғаны

жөнінде ресми құжат жарияланды», – деп жазады. Сосын, ол Қытайға барған елшілердің өздерін «үйсінбіз» демей, «қас сақпыз» деп таныстырудың төмендегідей екі себебін айтады:

1) Ерте заманда қазіргі Қазақстан жерін тұрақ еткен көшпелі түркі тайпалары «сақ» дей-тұғын тайпалар одағының құрамында болған. Орыстың белгілі археологы, этнографы С.П. Толстовтың анықтамасы бойынша қытайлар сақтарды «СЭ» деп атаған; 2) сақтар жауынгер ел болып, бірнеше ғасырлар бойы қытайларды тітіреткен. Міне, сондықтан үйсін елшілері өздерін «қас сақпыз» деген болу керек. Рас, «сақ» деген сөз әрқашан жауына сақ (орысша: бдительный) тұратын, күндіз бе, түн бе, тәуліктің қай шамасында болса да ер қаруы-бес қаруы дайын тұратын жауынгерге қатысты айтылса керек. Сақтар осылай ат үстінде күн көрген, түнде белін шешпеген, кіреуке киіп, пырақ мінген ерлер болған.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, академик Сәбит Мұқановтың өзінің «Халық мұрасы» атты кітабында: «...тарих ғылымының докторы Мұсатай Ақынжанов «қазақ» деген сөз «қас» және «сақ» аталатын екі сөзден құралады, деседі... Мен осы пікірге қосыламын. Сондағы тағы бір келтірер дәлелім: қазақты көршілес қырғыздар, алтайлық түркілер, күні бүгінге дейін «қазақ» демейді, «**кассак**» (ерекшелеген біз) дейді» [49, 29], – деп жазғаны да бізге ой салады.

Демек, жоғарыда әңгіме болған тасқа жазылған «хасақ» сөзі – қазіргі «қазақ» деген этнонимның негізі деуге болады. Біздің заманның басында-ақ кейбір түркі тайпалары мен рулары да айбыны күшті «сақ» деген атауды қадір тұтып, өздерін былайғы жұртқа «қас сақпыз» немесе бұдан туындаған сөзбен «қазақпыз» дей-тұғын болған. Сондықтан бұл атау олармен қарым-қатынас жасаған, жазу-сызу мәдениеті бар елдердің жазба деректерінде бар. Атап айтқанда, «қазақ» деген атау араб, парсы, қытай, византия, орыс және басқа елдердің жылнамаларында кездеседі. Бұл елдердің тіл өзгешілігі мен жазуларында-

ғы дағды-дәстүрлеріне сай «қазақ» атауы әр алуан түрде: хаса, қасақ, қасоқ, қасоғ, қайсақ, хасағ, хасағ, ғасағ, т.б. болып жазылып келген. Енді осы бұрмаланып жазылған атаулардың кейбіріне тарихи деректерге сүйеніп, қысқаша тоқталып өтелік.

Мысалы, қазақ атауын Тан²⁵ империясы тарихында «хаса» түрінде жазылған [27, 22]. Ал сонау XIII ғасырда қазіргі монғолдар жеріндегі кейбір түркі тайпалары қоңыраттарды «хасаг» деп атағандықтарын «монғолдың құпия шежіресіндегі» оларға арналған жырлар айқын дәлелдейді [28, 6]. «Қас сақ» сөз тіркесін Кавказдағы түркілер де «хасаг» деп жазады [29, 8]. Қазақ атауын әзербайжандар мен Еуропадағы албандар «қазақ» деп дұрыс жазады.

Өйткені бүгінгі әзербайжандардың бір бөлігі көне албания халқының ұрпағы болып табылады. Сондықтан, орта ғасырда Кавказдағы әзербайжандар жері «Кавказ Албаниясы» деп аталған-ды. Бүгінде Әзербайжан Республикасында Қазақ ауданының орталығы – Қазақ қаласы болса, ал Албания мемлекетінде бұрынғы Халхал қаласы – «Қазақ» деп аталады [30, 134].

Әзербайжан мен Албаниядағы «Қазақ» деген қалалар мен халқымыздың атауы арасында қандай байланыс бар? Бұл сұраққа да жауап беріп көрелік. Әзербайжандағы Қазақ қаласы Кураның саласы Акстафа өзені бойынан орын алған. Осы қаланың атауы, біздің ойымызша, Қазақ хандығы құрылуынан бұрын Алтын Орда ыдырағаннан кейін оның құрамындағы көшпелі түркілердің ішінде өздерін «қазақпыз» деп сынаған ру не тайпалардың қайсыбір өкілдерінің түрлі тарихи тағдыр толқынымен ноғайларға еріп Солтүстік Кавказға қоныс аударып, сосын олардың сондағы албандардың құрамына кіруіне байланысты пайда болған. Содан кейін Осман империясы кезінде Кавказдағы қазақтардың біраз бөлігі жергілікті кейбір

²⁵ Тан – 618-907 жылдары болған Қытай империясының аты.

албандармен бірге Балкан түбегіне кетуі мүмкін. Осыған байланысты Халхал қаласының атауы «Қазақ» боп өзгерген деуге болады.

Қазақ тарихын зерттеушілер А.И. Левшин (1799-1879 жж.) мен венгр халқының түрколог-ғалымы Арминий Вамбери (1832-1913 жж.) «қазақ» деген сөздің IX-X ғасырлардан белгілі екендігін айтады [29, 8]. Мәселен, IX ғасырда өмір сүрген араб авторы Әдһам әл-Купидің шығармасында «қазақ» деген сөз ұшырасады. Ал X ғасырдағы араб ғалымы Мәсғүдидің еңбегінде де «қасақ» деген жұрттың аты аталады.

982 жылы парсы тілінде жазылған «Хұдұд әл-ғалам» (Әлем шекаралары) атты кітапта Алан мемлекеті²⁶ және оның қалалары жайындағы әңгімеде: «Алан елінде «қасақ» деген ұлыс бар», – деп жазылған. Араб саяхатшысы және жазушысы Мұхаммед әл-Ауфидің 1228 жылы жазылған «Таңдаулы әңгімелер мен аңыздар жинағы» атты кітабында: «Алтайды мекендеген қарлықтар... тоғыз ұлысқа бөлінген. Бұлардың ішінде... үш ұлыс қазақ бар», – деген дерек бар [15,21].

Византияның императоры Константин Порфирордни (905-959 жж.) өз жазбаларында Солтүстік Кавказдағы Кубань өзенінен шығысқа қарай мекендеген елді «Казахия» деп атайды [15, 32]. Ол кезде бұл елдің шығысында ең зор, саны мол тайпалардың бірі қыпшақ елі тұрғандығы тарихтан белгілі. Егер қыпшақтар өздерін «қазақпыз» деп атамаған болса, император Порфирордни оны жөн-жосықсыз жаза салмағаны анық. Ал X ғасырда орыс пен украин казачествосының аты да, заты да жоқ еді.

²⁶ Алан мемлекеті – Солтүстік Кавказдың орталық бөлігінде IX-X ғасырларда болған. Алан көшпелі тайпалар бірлестігі біздің заманнан бұрынғы 1-ші мыңжылдықтың соңы мен біздің заманның 1-ші мыңжылдықтың басында Батыс Қазақстан мен Солтүстік Кавказ даласын мекендеген. Аландар сарматтардан бөлініп шыққан. Қазіргі осетиндер аландардың үрім-бұтағы болып есептеледі [31, 242].

Н.М. Карамзиннің ұлы шығармасының І-ші томындағы «Карта России IX века с окрестными странами» деген картада солтүстік ендіктің 42-44 градусы мен Қара теңіз бен Каспий теңізі аралығындағы жерге «Касоги» (қазақтар. – С.Ж.) деп жазылған [32, 108]. Осы касогтар туралы Н.М. Карамзин аталмыш кітаптың ІІ-ші томында: «Через несколько лет Метислав²⁷ объявил войну Касогам или нынешним Черкессам...», – деп жазады [25, 11]²⁸. Сонда осы деректен қазіргі черкестердің (адыгейлердің) де өздерін ХІ ғасырда «кас сақпыз» (яғни қазақпыз) дегенін аңғаруға болады.

Н.М. Карамзин өзінің шығармаларында [32], [33] черкестер туралы сөз қылғанда олардың касогтар екендігін әрдайым атап отырады. Мысалы, ол: «... суть Черкесы, коих страна в X веке именовалась Касахией; Осетинцы и теперь называют их Касахами»²⁹; «... Моголы ...покорили... Касогов или Черкесов»³⁰; «... жители Ахматовых были Черкасы и назывались Казаками; что они бежали к Баскаку³¹ в Канев³² и построили городок Черкасск...»³³ [32]³⁴; «... Торки и Берендеи³⁵, назывались Черкасами, назывались и Козаками...».

Енді осыдан кейін: Н.М. Карамзин айтқан черкестер кімдер деген орынды сұрақ туындауы анық. Бұлар, біздіңше, Ха-

²⁷ Мстислав – Новгород пен Киевтың князі І-ші Владимирдың баласы.

²⁸ Бұл уақиға ХІ ғасырда болған.

²⁹ Бұл сөздәйек І-ші томда [32, 105].

³⁰ Бұл сөздәйек ІІІ-ші томда [32, 141].

³¹ Баскак – көне түркі тілінде жаулап алынған жерлердегі ханның өкілі деген сөз.

³² Канев – Украинадағы каланың аты (қазіргі Черкасы облысы).

³³ Черкасск – Украинадағы қазіргі Черкасы қаласы.

³⁴ Бұл сөздәйек ІV-ші томға берілген 167-ші ескертпеден алынды [32].

³⁵ Торки и Берендеи – көшпелі түркі тайпалары. «Торки» деген этноним орыс әдебиетінде «узы», «гоцы», «огузы» [40, 411], «гузы» [21, 1337], ал қазақ әдебиетінде «тореттер» [35, 116], «торктар» [35, 293] деп жазылып жүр. Н.М. Карамзин жазған «берендеи» деген атау қазақ әдебиетінде «берендейлер» деп жазылады [35, 293].

зар³⁶ қағанаты құрамында болған «черкес» (қазақша: шеркеш) деп аталған тайпаның ұрпақтары. Ал, «торк» пен «берендей» деген сөздер шеркеш тайпасының құрамындағы рулардың аттары екені анық. Міне, осы шеркештердің, сондай-ақ торктар мен берендейлердің IX-XI ғасырларда өздерін ежелгі сақтардан өрбіген «қас сақпыз» деген сөз тіркесінен «қазақ» деген атау пайда болғанға ұқсайды. Осы орайда айта кететін бір жайт – орыс халқының «Игорь жасағы туралы жыр» атты поэмасындағы қыпшақтардың ханы Қоншақпен тәжікелесіп сөйлесетін Гзак [45, 53] – кісі есімі емес, біздің пайымдауымызша, ол – «қазақ» деген сөз (этноним) болуы мүмкін. Себебі XI ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген осы жырдың авторы Баян жырау өздерін сол кезде «қазақпыз» деп санаған түркі тайпасының ұрпағы болғандықтан Қоншақ ханның жанында жүрген қазақтың есімін білмей, оны жырға «қазақ» деп айтып жіберген сияқты. Ал, кейін жыр алғаш қағаз бетіне түскенде немесе оны орыстың ақыны В.А. Жуковский ескі славян-орыс тілінен осы замандағы орыс тіліне тәржімелегенде қазақ сөзі «Гзак» деп жазылып кетуі ықтимал. Осы жерде біреу білсе, біреу білмес демекші, оқырманға айтарымыз: Игорь княздің анасы қыпшақ қызы болған [47, 342], ал оның баласы Владимир Қоншақ ханның қызына үйленген [45, 79; 47, 350].

Енді сәл шегініс жасап айтсақ, Геродот кітабында айтылатын «иирк» [25, 192, 565] деген арғытүркілердің (скифтердің) бір тайпасы Еділ мен Жайық өзендерінің аралығын мекендеген екен. Міне, осы тайпаның атына «торк» атауының тым ұқсастығына қарағанда олардың академик В.В. Латышев (1835-1921 жж.) пен қазақ ғалымы А. Әбдрахманов айтқандай бір

³⁶ Осы кездегі хазарлар туралы Н.М. Карамзин: «Хазары, единоплеменные с турками, издревле обитали на Западной стороне Каспийского моря, называемого Хазарским... Еще с третьего столетия они известны по Армянским летописям; в Европе же узнали их в четвертом веке с Гуннами, между Каспийским и Черным морем, на степях Астраханских...», – деп жазады [32, 24].

этнонимдік «түрк» деген атаудың екі түрлі жазылуы сияқты [34, 23]. Ендеше, біздің заманнан бұрынғы V ғасырда Еділ мен Жайық аралығын түрк атты тайпаның өмір сүргеніне көңіл аударуымыз керек. Ииркілерді академик В.В. Латышев ерте кезде Орал тауы өңірін мекендеген мадьярлардың арғы аталары болуы мүмкін дейді [25, 519, 565].

Кейбір тарихи шығармаларда торктар мен берендейлердің оғыздардың тайпалық бірлестігінен бөлініп шыққаны айтылады [35, 293]. Осы деректің дұрыстығына дәлел ретінде Н.М. Карамзиннің еңбегінен [32] төмендегі төрт сөздәйекті оқып көрелік:

1. Узы называются в Византийских летописях Гуннами и Скифами... Баер без всякого основания считает Узов и Половцев и Команов (құмандарды. – С.Ж.) за один народ (I-ші томға берілген 90-шы ескертпеден).

2. «Узы и Печенеги³⁷, единоплеменники Туркоманов» (түркілердің. – С.Ж.) [32, 88].

3. «... Печенеги и Команы говорили одним языком» (II-ші томға берілген 112-ші ескертпеден).

4. «Торки единоплеменники с Туркоманами и Печенегами» [32, 125].

Торктардың, яғни шеркеш-қазақтардың жаугершілігі жөнінде Н.М. Карамзин кітабының II-ші томында [32]: «Узы... в 1065 году перешли Дунай, опустошили землю Болгарскую, Македонию и часть Фракии», – деп жазылған (II-ші томға берілген 112-ші ескертпеден). Торктар XV ғасырда пайда болған Осман империясының негізін салған түркі тайпаларының бірі болған. Бұл турасында Н.М. Карамзин: «Народ, именуемый в Восточных летописях Гоцами, Византийскими Огузами или Узами, единоплеменный с Торками, которые долго скитались в степях Астраханских, служили Владимиру святому, обитали

³⁷ Печенегтер – VIII-IX ғасырларда Еділ өзенінің батысындағы даланы мекендеген түркі тайпалары бірлестігінің атауы (қазақша: бесенелер).

после близ Киева, и до самого нашествия Татар составили часть Российского конного войска – сей народ мужественный, способствовав в Азии основанию и гибели разных Держав (Гасневидской, Сельчукской, Харазской) наконец под именем Турков Османских основал сильнейшую Монархию, ужасную для трех частей мира, и еще доныне знаменитую», – деп жазады [33, 210].

Шыңғыс хан империясының шапқыншылығы кезінде берендейлердің бір бөлігі Болгария мен Венгрияға ауып, қалғандары кейін Алтын Орданың халқымен сіңісіп кетеді [35, 293].

Осы орайда қазақ рунамасын жетік білетін Мұхамеджан Тынышбаевтың Кавказдағы қазіргі черкестер мен қазақ халқын құраған алшын тайпалары бірлестігінің құрамына кірген шеркеш руының арғы тектерінің бір екендігі туралы айтқан пікірін де ескеру керек [36, 95].

Н.М. Карамзин өзінің кітабының [32] II-ші томында: «... многие из них (торктер мен берендейлер. – С.Ж.) остались на Днепре, были известны под общим именем Черных Клобуков³⁸ или Черкасов, и служили Россиянам», – деп жазады³⁹. Бұдан кейін ол: «Сия имя (Черные Клобуки. – С.Ж.) было для них общим и дано им, без сомнения, от черных шапок. Тоже значит имя нынешних Каракалпаков... Сих же Черных Клобуков называли Черкасами»⁴⁰.

Осыдан білгеніміздей, торктар, берендейлер, Кавказдағы черкестер және қазақ халқының құрамындағы Кіші жүздің шеркештері Өзбекстандағы қазіргі қарақалпақтардың арғы аталары екендігі даусыз.

Сонымен, жоғарыда мысалға алынған тарихи деректемелер «қас сақ» сөз тіркесінің біздің жыл санауымыздан бұрын, ал

³⁸ Клобук – орыстың жазушысы В.И. Дальдың белгілі түсіндірме сөздігі бойынша «қалпақ» деген ұғымды білдіреді [37, 119].

³⁹ Бұл сөздәйек II-ші томның 90-шы бетінде.

⁴⁰ Бұл сөздәйек II-ші томдағы 218-ші ескертпеден алынды.

«қазақ» атауының VII ғасырдан кейін жарыққа шыққандығын дәлелдейді. Алайда, «қас сақ» сөз тіркесінен пайда болған, «қазақ» атауының жоғарыда көрсетілген бұрмаланып жазылған түрлерінің бәрі де сол кездегі шынайы бір этностың жалқы аты емес, өздерін «қас сақ» санаған руды немесе тайпаны басқа елдердің өз тілдеріне икемдеп айтқан атаулары еді.

Өзбек ұлысының құрамында 92 түркі тайпасы болғаны және олардың толық тізімі алғаш рет «Маджму ат-таварих» атты шығармада берілгені осы кітаптың бірінші тарауында айтылды. Алайда осы тізімдегі тайпаларды орыс тарихшысы Н. Ханьков алғаш рет өзінің «Описание Бухарского ханства» атты кітабын жария қылғанда Өзбек хан кезінде жалпы Дешті қыпшақ қауымы оның атымен «Өзбек ұлысы» деп аталуына байланысты «көшпелі өзбек тайпалары» жеп жазып жібереді [38, 202]. Содан кейін бұл тайпалар орыстың тарихи әдебиетінде «92 көшпелі өзбек тайпалары» деп жазылады.

Осы 92 «көшпелі өзбек тайпалары» тізіміне орай қазақтың тарихи шығармаларында күні бүгінге дейін әр алуан жаңсақ пікірлер айтылып келеді. Мысалы, Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» атты кітабынан: «Өзбекке қатысты бірнеше деректер бар. Менің сүйенетінім, өзбек түркі тектес бір адам болған. Оның 92 ұлы болған. Сондықтан осылардан таралған ұрпақ-әулеттері «тоқсан екі баулы Өзбек» деп атанған», – деп жазылған аңызға ұқсас шатпақты оқимыз [1, 57].

Аталмыш 92 түркі тайпаларын атақты тарихшы Ибн Руз-бихан Исфакхани (XVI ғасырда өмір сүрген) төмендегідей үш топқа бөледі:

1. Шайбанилер⁴¹ әулеті (бұлардың ішінде Еділдің шығысында тұратын қыпшақтар мен қыпшақтанып кеткен кейбір түркі тайпалары бар).

2. Өздерін «қазақпыз» деп санаған тайпалар.

⁴¹ Шайбанилер – Шыңғыс ханның немересі Шайбан әулеті.

3. Маңғыттар⁴² (бұлардың ішінде қарақалпақтар мен ноғайлар бар).

Енді жоғарыда өздерін «қазақпыз» деп санаған тайпалар жөнінде Шоқан Уәлиханов мынадай дұрыс тұжырымдама жасайды: «...народ казак (так называем себя мы) образовался от союза разных племен турецких... во время междоусобий в орде, начавшихся тотчас после смерти Бердибека⁴³, а не народ древний, о котором писал Фирдоуси⁴⁴ ... Предание киргиз (казах. – С.Ж.) о своем происхождении оправдывается сказаниями вашей⁴⁵ Шейбани – намэ⁴⁶ .., которая написана киргизом (казахом. – С.Ж.) Большой Орды (Ұлы жүз. – С.Ж.) джалаирского рода⁴⁷ ...» [10, 164].

⁴² Маңғыттар – Батый хан әскері құрамында Дешті Қыпшаққа келіп, жергілікті түркі тайпаларына сіңісіп кеткен түркі тайпасы (бұл тайпа осы кітаптың соңындағы № 1, 2 қосымшаларда көрсетілген). Маңғыт әулетінен Ақ Орданың әмірі, атакты Едіге би (1352-1419 жж.) шыққан. Ол Алтын Ордада 15 жыл (1396-1411 жж.) билік құрған, Ноғай Ордасының да негізін қалаған. Кейіннен маңғыттар немесе ноғайлар Кіші жүздің барлық рулары мен тайпалары арасына тарады.

⁴³ Бердібек (1359 жылы өлген) – Өзбек ханның немересі, Алтын Орданың ханы.

⁴⁴ Бұл жерде Шоқан Уәлихановтың парсы – тәжік халықтарының ұлы ақыны Фирдоусиды (940-1020 жж.) атауына мына бір жайт себеп болған. ХІХ ғасырдың екінші жартысында орыстың турколог-ғалымдары А.И. Левшин мен О.И. Сенковский (1800-1858 жж.), Венгр Ғылым академиясының корреспондент – мүшесі А. Вампери: «Фирдоуси өзінің әйгілі «Шаһнама» атты эпопеясында Тұранның жауы парсыларды қорқытпақ болып, Арал теңізінің сыртында «қазақ» деген күшті ел барын айтқан» деп лақап сөз таратады [10, 172]. Осы лақап дерек кейбір тарихи шығармаларда қазіргі кезде де сөз болып жүр [15, 22]. Шындығында аталмыш эпопеяда «қазақ» деген сөз жоқ [5, 250; 10, 370].

⁴⁵ Вашей – бұл кісі орыстың шығыстанушы ғалымы И.Н. Березин (1818-1896 жж.).

⁴⁶ «Шейбани-намэ» – 1848 жылы И.Н. Березин алғаш жариялаған ХVІ ғасырдағы тарихи шығарма.

⁴⁷ Бұл тұста Шоқан Уәлиханов «Шейбани-нама» атты шығарманың авторы Камал ад-Дин Әли Мұхаммед Әл-Харави (1512 жылы өлген) туралы

Жоғарыда айтылған шындыққа қарағанда XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда құрамындағы көптеген түркі тайпалары өздерін «қазақпыз» санаған екен. Демек, бұл тарихи дерек бейнелеп айтқанда, қазақ сөзінің этимологиясын анықтаудың лейтмотиві. Сондықтан осыны әркез қаперден шығармаған жөн.

Енді «қазақ» деген атаудың орыс тарихнамасында XIX ғасырдан бері бұрмаланып, «казах», «кайсақ», «қырғыз» болып жазылып келгенін де айтпасқа болмайды.

Қазақ халқын Ресейдің «казактар» деп аталатын қауымымен (сословиесімен) шатастырмау мақсатымен қазақ сөзі 1882 жылдан бастап орыс жазбаларында ресми түрде «казах» деп жазылатын болды. Енді орыстардың осы казактарына да қысқаша тоқтала кетелік.

XV ғасырдың I-ші жартысынан бастап Днепр өзенінің төменгі ағысына өздерін «ерікті қазақтармыз» деп есептеген адамдар тобы жинала бастайды. Кешікпей олардан керуендерді тонаушылар тобы пайда болғаны тарихтан белгілі. Н.М. Карамзиннің еңбегіне [33] сүйенсек жоғарыда аталған ерікті қазақтар-түркі текті шеркештерден (орысша: черкесы) бөлініп шыққан адамдар. Бұл жөнінде оның V-ші томына жазғанын оқып көрелік: «...в летописи времен ... в 1444 году упоминают о Козаках Рязанских, ...древнее Батыева нашествия, и принадлежало Торкам и Берендеям, которые обитали на берегах Днепра, ниже Киева... Торки и Берендеи, называясь Черкасами, назывались и Козаками; что ...жили как вольные люди на островах Днепра, огражденных скалами, непроходимыми тростником и болотами; приманили к себе многих россиян, бежавших от угнетения; смешались с ними, и под именем Козаков составили один народ, который сделался совершенно Русским... более и более размножаясь числом, питая дух независимости и братства, Козаки образовали воинскую Христианскую Республику

айтып отыр.

в южных странах Днепра, начали строить селения, крепости в сих опустошенных татарами местах; взялись быть защитниками Литовских владений со стороны Крымцев, Турков, и снискали особенное покровительство Сигизмунда I⁴⁸, давшего им многие гражданские вольности вместе с землями выше Днепровских порогов, где город Черкасы назван их именем. Они разделились на сотни и полки, коих Глава или Гетман в знак уважения получил от Государя Польского, Стефана Батори⁴⁹, знамя королевское, бунчук, булаву и печать. Сии-то природные воины, усердные к свободе и к вере Греческой, долженствовали в половине XVII века избавить Малороссию⁵⁰ от власти ино-племенников достояние оного. Собственно так называемые Козаки Запорожские были частью Малороссийских: Сеча их, или земляная крепость ниже днепровских порогов, служила сперва сборным местом, а после сделалась жилищем холостых Козаков, не имевших никакого промысла, кроме войны и грабежа. Вероятно, что пример Украинских Козаков, всегда вооруженных и готовых встретить неприятеля, дал мысль и северным городам нашим составит подобное земское войско. Область Рязанская, наиболее подверженная нападению Ординских⁵¹ хищников, имела и более нужды в таких защитниках. Люди молодые, бездомовные записывались в Козаки... В истории следующих времен увидим Козаков Ординских, Азовских, Ногайских и других: сие имя означало тогда вольницу, наездников, удальцев, но не разбойников, как некоторые утверждают, ссылаясь на лексикон Турецкий: оно без сомнения не бранное, когда витязи мужественные, умирая за вольность, отечество и веру, добровольно так назвался» [33, 230-232].

⁴⁸ I Сигизмунд (1368-1437 жж.) – Венгрия мен Чехияның королі.

⁴⁹ Степан Баторий (1553-1586 жж.) – Польшаның королі.

⁵⁰ Малороссия – XVII ғасырдың ортасынан бергі Ресейдің ресми актілеріндегі Украинаның атауы.

⁵¹ Ординские – Шыңғыс хан әулетінің қоныстары.

Осы мысалға алынған сөздәйектен қазіргі Ресейдегі, Украинадағы, Кавказдағы және Қазақстандағы казактардың⁵² арғы ата-бабалары Солтүстік Кавказды мекендеген түркі текті шеркештер (орысша: черкесы) екенін және алғашқы ерікті казактардың қай кезде, қай жерде пайда болғанын, сонда нендей шаруамен айналысқанын, уақыт өте келе олардың көбейіп, өздерінің қауыпсыздығын сақтау мақсатымен «казактар» атты қауымға біріккенін, христиан дінін қабылдағанын, сосын аталмыш қауымға орыстардың да келіп қосылғанын, кейін басқа аймақтарда да «Ордалық», «Азовтық», «Ноғайлық» деп аталатын ерікті казактар қауымдары құрылғаны тарихтан белгілі.

Сөз болып отырған казактарға байланысты жоғарыда көрсетілген еңбектің (33) V-ші томына берілген 415-ші және 416-шы ескертпелерден мынадай екі дәйексөзді оқып көрелік:

1. «...ханские Баскаки имели при себе воинов, называемых козаками (казактар. – С.Ж.), и что города наши (Ресейдің. – С.Ж.), подражая им завели своих Козаков...».

2. «Доныне Козаками именуют у нас (Ресейде. – С.Ж.) вольных работников или наемников».

Жоғарыдағы бірінші дәйексөзден Шыңғыс хан әулеті жаулап алған жерлердегі хан өкілдері жанында «казактар» деп аталған жауынгерлер болғанын және оларға еліктеп Ресей қалалары да өз алдына казактар ұстағанын білеміз. Ал екінші дәйексөзде Н.М. Карамзин XIX ғасырдың басында⁵³ Ресейде ерікті жұмысшылардың немесе жалданушылардың да «казактар» деп аталғанын айтады, XV ғасырда ерікті казактар қауымы Дон мен Еділ өзендерінің төменгі ағысында да құрылды. Сосын

⁵² Казактар – Бұларды біздің казактар XIX ғасырдың басынан бері «казак-орыстар» дейді.

⁵³ Бұл кезді көрсетуіміздің себебі: Н.М. Карамзиннің екінші сөздәйекте «доныне» (қазақша: күні бүгінге дейін) дегені XIX ғасырдың басы болады. Өйткені ол өзінің «История государства Российского» атты 12 томдық еңбегін 1816-1826 жылдары жазғаны белгілі.

XVI ғасырда Канев, Городец-Мещерск (Касимов) Терек, Жайық сияқты ерікті қазақтар қауымы пайда болады [40, 323].

Орыстың патшалық өкіметі өзін-өзі басқаратын ерікті қазақтар қауымдарын мемлекеттік шекара күзетіне пайдалана отырып, оларды әскери қару-жарақпен, азық-түлікпен жабдықтауымен бірге ақшалай да қаржыландырып отырды.

XVII-XVIII ғасырларда орыс патшасын жақтаған ерікті қазақтардың ауқатты старшиндарының қарсы әрекеттері мен ашық сатқындықтарына қарамастан ерікті қазақтар қауымдарындағы саны жағынан көп саналатын кедейлер тобы И. Болотников, С. Разин, К. Булавин, Е. Пугачев басшылықтарымен болған Ресейдегі шаруалар соғысына белсене қатысқаны тарихтан белгілі. Осыдан үрейленген патша үкіметі XVIII ғасырдан бастап ерікті қазақтардың өзін-өзі басқару тәртібіндегі демократиялық жағдайларды біртіндеп жойып, ақырында ерікті қазақтарды қалыпсыз әскерге айналдырып, оларды «казачество» (қазақылық) деген әскери сословие етіп қайта ұйымдастырады. Сөйтіп, жер-жердегі барлық казачестволар Ресей үкіметінің әскери ведомствосына бағынатын болды. XX ғасырдың басында Ресейде дондық, кубандық, орынборлық, байкалдық, терскілік, сібірлік, оралдық, астрахандық, жетісулық, амурлық және уссурійлық деген 11 казачестволық әскерлер болды. Солардағы тұрғындардың жалпы саны 1916 жылы 4,4 миллионға жеткен екен.

Кеңес үкіметі кезінде жойылған әскери казачестволар өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап Украинада, Ресейде және Қазақстанда қайтадан құрыла бастады.

XIX ғасырдың бірінші жартысынан бері қазақ халқының аты Ресейдің шығыстану әдебиетінде бұзылып «кайсак» деп жазыла бастады. Дегенмен, орыстың казак сословиесінің аты мен кайсак сөзінің тым жақын ұқсастығын мүлдем жою үшін Ресейдің ресми құжаттары мен әдебиетінде қазақ халқының аты «киргиз» деп жазылатын болды, осылайша қазақ атауының

өзгерілу себебі туралы орыс әдебиетінде: «Замена самоназвания» народа другим названием, как полагают исследователи вопроса, произошла в результате стремления отличать в официальных документах этот народ от русского казачества соседних районов Сибири», – деп түсініктеме берілген еді [41, 580]. Содан кейін «қазақ этнонимі» орыс тілінде «казак-киргиз», «киргиз-казак», «киргиз-кайсак» деп те жазылды [41, 249, 580]. Осылай боп казак атауының жазылуына байланысты М. Тынышбаев 1925 жылы Ташкентте басылып шыққан кітабын «Материалы к истории киргиз-казакского народа» деп атауына тура келді. Енді «қырғыз» деп аталған қазақтарды қырғыз Ала-тауы баурайындағы қырғыздармен шатастырмау үшін бұлар орысша «черные киргизы» деп жазылды [41, 85, 583].

Сәкен Сейфуллин Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып тұрғанда 1923 жылдың 15-шы ақпанында «Еңбекші қазақ» газеті арқылы «қазақты казак дейік, қатені түзетейік» деген ұран тастады. Содан кейін 1925 жылғы 15-19 сәуірде өткен Қырғыз Автономиялық Кеңестік социалистік Республикасы кеңестерінің 5-ші съезі қазақ халқының шын атын – «қазақ» деген атауды қалпына келтірді, ал орысша тексте «казак», «Қазақстан» деп жазылатын болды. Алайда Қырғыз Автономиялық Кеңестік социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитеті Президиумының 1936 жылғы 9-шы ақпандағы қаулысы бойынша орыс тілінде «казах», «Казахстан» деп жазылуы қабылданды. Осылай болып казак атауы орысша күні бүгінге дейін жазылып келеді.

Сонымен, жоғарыда айтылған уәжді сөздерге сүйеніп, мәселенің шындығына жүгінер болсақ, бүгінде бір мағынадағы қазақ атауына бағзы заманнан бері өздерін «қас сақпыз» деп санаған Ұлы Түрк бабамыздың ұрпақтары болатын орыс әскери сословиесі – казактар мен республикамыздың негізгі халқы – қазақтар ие болып отыр. Осы ақиқатты Қазақстандағы казактардың түсінігіне жеткізу біздің тарихшыларымыздың кезекті міндеті екендігін атап айтқымыз келеді.

родиной русского казачества историки признают южные окраины Руси, смежные с Кипчакской степью...» [5, 250].

Жоғарыдағы екі сөздәйектің бірінші абзацында қазақ сөзінің этимологиясына берілген жағымсыз сипаттамаларды оқып шыққан әрбір қазақ баласы: «Япыр-ай, сенейін бе, сенбейін бе? Шынында да осы кітапта жазылғандай ерте заманда біздің ата-бабаларымыз қаңғыбас, қашқын болған ба?», – деп ойлап, еңсесі түсерліктей әсер алуы мүмкін. Міне, осындай ресейлік ғалымдардың **қазақ** сөзіне берген жағымсыз анықтамаларын баска елдердің тарихшылары қағып алып, оны өздерінің шығармаларына пайдалануды әдетке айналдырғаны рас. Сөйтіп, бүгінде «қазақ» деген жағымсыз атау сөз бүкіл дүние жүзіне кеңінен тарап кетті. Енді бізге осындай сорақы мінездеменің көзін жоюдың жолдарын іздестіруіміз керек сияқты.

Енді екінші абзацтағы сөздәйекке тоқталсақ, мұнда С.Г. Кляшторный мен Т.И. Сұлтанов: «... отсюда слово казак и в русском языке», – дейді. Осыдан кейін біз осы екі ғалым Н.М. Карамзиннің ұлы шығармасын зейін қойып оқымаған ғой деп ойлаймыз. Жоғарыда сөз болған осы жайтты қайталап айтсақ, Русьта қазақ атауының алғаш белгілі болғаны – Днепр табалдырықтарынан төменгі жерде өздерін «қазақпыз» деп санаған шеркештердің ерікті қауымы құрылғаннан кейін, яғни XV ғасырдың басында еді. Содан кейін аталмыш екі автор осы тараудың ортасынан бергі тұсында айтылып кеткен Н.М. Карамзиннің сөзін қайталап: «Кзаками на Руси звали людей без определенных занятий и постоянного местожительства, вольных, гулящих людей, а также вольнонаемных батраков... (бұларды Н.М. Карамзин «вольных работников или наемников» дейді). Сондықтан орыс әдебиетінде жағымсыз сипатта жазылып жүрген казактарға біздің қазақтардың ешқандай қатысы жоқ.

3. Қазақ – баспанасыз, қаңғыбас, қашқын, ерікті адам деген ұғымды білдіретін сөз.

Жәнібек пен Керейдің соңына ілесіп, Моғолстан жеріне қоныс аударған адамдардың басым көпшілігінің арғы бабалары өзбек ұлысы құрамында жүрген кезде өздерін «қазақпыз» деп есептегені осы кітаптың бірінші тарауында айтылғанды. Сондағы қазақ болған адамдардың Моғолстанға барған ұрпақтарын елден бөлініп, басқа жерге қоныстанып, оқшауырақ кеткендіктен және Қазақ хандығы құрылғанша біраз жыл Жетісу өңірінде босып жүргендіктен былайғы жұрттың оларды «елден безген қашқындар, қаңғыған қазақтар» деп сипаттауы күмәнсіз. Міне, осы шындықты дұрыс түсінбеген кейбір тарихшылардың «қазақ» этнонимінің шыққан түпкі төркінін «баспанасыз, қаңғыбас, қашқын, ең далада босып жүрген ерікті адамдар» деген мағынадағы өтірігі шындай болған сөздермен байланыстырулары қандай тұрпайы да өрескел пікір десеңізші.

Бұл турасында Шоқан Уәлиханов: «Значение слово казак в смысле бродяги, скитальца было достаточно известно и употреблялось в древней Руси», – деп жазады» [10, 286]. Мұнда Шоқан Уәлихановтың қазақ сөзінің қаңғыбас, кезбе мағынасында қолданылатыны Ресейде ертеден белгілі деп жазғанына былайша түсінік беруге болады. Жоғарыда Н.М. Карамзиннің еңбегінен алынған дәйексөзде XV ғасырда Днепрдің төменгі ағысында өздерін «қазақпыз» дей – тұғын шеркештердің (орысша: черкасы) бір бөлігі ерікті қауым боп құрылғаны айтылғанды. Осы адамдардың ерікті жағдайда кезбелік өмір кешіп, маңайындағы елді талап, керуендерді тонауына байланысты орыстар оларды «қаңғыбас қазақтар» деп атаған-ды.

«Қазақ» деген сөздің мағынасын қате түсінудің нақты мысалына академик В.В. Бартольдтің мынадай пікірін алуға болады: «Казак-турецкое слово, означавший разбойничью вольницу, порвавшую с державой, родом и племенем» (43, 265). Осы сөздәйекте В.В. Бартольд: «Қазақ – елінен бөлініп, қашып кет-

кен қарақшылар мағынасындағы түркі сөзі» дейді. Бұған біздің айтарымыз: Біріншіден, түркі тілінде «қазақ» деген сөз жоқ; екіншіден, қазақ – «қас сақ» деген түркі тіліндегі сөз тіркесінен пайда болған туынды сөз; үшіншіден, оның «түркі сөзі» деуі, әрине, ерікті шеркештер түркі текті жұрт болуына байланысты айтқан жалған анықтамасы. Сосын В.В. Бартольд өзінің қателігін былайша қайталайды: «Еще в конце царствования узбекского хана Абулхайра, возмущившиеся против этого хана и ушедшие на восток кочевники получили название «казаков», и это слово, первоначально означавшее разбойничью вольницу, постепенно сделалось народным названием» [43, 270]. Бұл сөздәйектен оқырман Әбілқайырды қазіргі өзбек халқының ханы және Жәнібек пен Керейге қосылып, Моғолстанға қоныс аударған тайпалар сол кезде қазақ атауын алған екен деп түсінуі мүмкін. Шындығында Әбілқайыр Өзбек халқының емес, Өзбек ұлысының ханы [42, 43], ал Моғолстанға кеткен тайпалар 14 ғасырдың екінші жартысынан бері өздерін «қазақпыз» деп санағандығы жоғарыда айтылды. Бұдан әрі В.В. Бартольд тағы да былай деп қателеседі: «Около 1465-1466 гг. среди узбекского народа⁵⁴ произошел тот раскол в результате которого собственно обитатели степей, с тех пор названные казахами, отделились от остальной части народа» [44, 489, 490]. Мұндағы В.В. Бартольдтың «среди узбекского народа» деп жазғанын Шәкәрім Құдайбердіұлы былай түсіндіреді: По имени Узбек хана и весь улус Джучи (Жошы. – С.Ж.) стал называться озбеками (узбекским)... [42, 43]. Считается, что озбеки получили свое название по имени хана Озбека. Они из тех казахов, что когда-то последовали за Аз-Жанибеком и были отданы им в подчинение чагатаидов⁵⁵, а затем осели в Мавераннахре и ста-

⁵⁴ Бұл кезде өзбек халқы ресми түрде әлі қалыптасқан жоқ-тұғын.

⁵⁵ Чагатаидов – Шағатайлар (Шыңғыс ханның екінші баласының ұрпақтары).

ли называться озбеками. И только, по сути это самые настоящие казахи» [42, 107-108].

Тағы бір ерекше атап өтетін жайт бар. Ол қазақ этнонимінің нақты мағынасын айтпай, оны бұрмалап, жағымсыз сөздермен сипаттап келген тарихшылардың аз емес бөлігі – Қазақстан тарихын зерттеумен патша өкіметі кезінде айналысқан және бүгінде де айналысып келе жатқан ресейлік ғалымдар. Оған мысалдар көп. Айтпақшы, бұл ғалымдардың қазақ сөзіне берген жағымсыз анықтамалары тегіннен-тегін туындаған жоқ. Әрине, себепсіз емес. Алайда сол ғалымдардың мұндай ұстанымдарында нендей құпия сыр барын өзіміздің тарихшылар анықтай жатар деп біз бұл мәселені сөз қылмаймыз. Дегенмен, сөз болып отырған ресейлік зерттеушілердің ішінде Қазақстан тарихының білгірі саналып жүрген С.Г. Кляшторныйдың қазақ сөзінің мағынасы туралы айтқан пікіріне де тоқталмай кете алмадық. Мәселен, оның Т.И. Сұлтановпен бірігіп жазған 1992 жылы Алматыда жүз мың данамен жарық көрген «Казахстан. Летопись трех тысячелетий» атты кітабын алайық. Мұнда ол біз жоғарыда мысал ретінде академик В.В. Бартольдтің шығармасынан алған дәйексөзде оның қазақ сөзінің мағынасы туралы қате айтқан пікірін қайталай отырып, былайша деп жазады: «...каково бы ни было происхождение слово казак, несомненно то, что первоначально оно имело нарицательное значение в смысле свободный, бездомный, скиталец изгнанник.

Не имея, таким образом, ни политического значения, ни этнического содержания слово казак обозначало всякого вольного человека, отколовшегося от своего народа и племени или своего сеньора и принужденного вести жизнь искателя приключений. Кстати, **отсюда слово казак и в русском языке** (ерекшелеген біз). Казаками на Руси звали людей без определенных занятий и постоянного местожительства, вольных, гулящих людей, а также вольнонаемных батраков и т.д. Хотя слово казак зарегистрировано на севере Руси с конца XIV в., но все же первоначальный

Сонымен, осы тарауда сөз болған үшінші пікірге байланысты біздің түйіп айтар қарсы пікіріміз мынадай болмақ: 1465 жылы Жетісу өңірінде Жәнібек пен Керейге ерген тайпалар арасында жаңа хандықты құру мәселесі қолдау тауып, шешілген кезде, әрине, ақылдастар алқасының жиыны болғаны күмәнсіз. Сонда соған қатысқан біздің би-бабаларымыздан Жәнібек пен Керейдің біреуі хандықтың қалай аталуы жөнінде сұрамады деуге болмайды. Сосын сол жиында егер «қазақ» деген сөз шын мәнінде баспанасыз, қаңғыбас, қашқын, ерікті адал, деген ұғымды білдіретін сөз болса, олар, әлбетте, мұндай өрескел жағымсыз мағынасы бар сөзді хандықтың атауына ұсынбаған болар еді.

Сонымен, тарихи деректерге сүйеніп, қазақ сөзінің мағынасы туралы әңгіме қылған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорытып айтар болсақ, Жәнібек пен Керей сұлтандармен бірге Моғолстан жеріндегі Жетісу өңіріне қоныс аударып, сол жерде жеке хандық құруға тікелей қатысқан біздің ақылгөй би-бабаларымыздың өздерінің ежелгі сак жұртының ұрпақтары екендігін біліп, мағынасы «қас сак» сөз тіркесінен пайда болған «қазақ» деген сөзбен тұңғыш мемлекетін «Қазақ хандығы» деп атағанын асқан білгендікке санап, бағалауымыз керек.

Қазақ сөзінің этимологиясына қатысты айтылған бірсыпыра тарихшылардың тұжырымдары мен болжамды пікірлерін жан-жақты салыстыра зерттей келіп, қазақ этнонимі тек «қас сак» сөзтіркесінен пайда болды деген пікір ғана қас дұрыс пікір екені даусыз. Демек, қасиетті **қас сак** сөз тіркесінің қасиетті **қазақ** сөзіне айналғаны айдай анық-шірімейтін қас шындық. **Қас сак** пен **қазақ** сөздерін қасиетті санауымыздың себебі – бұларды оңнан солға қарай оқысаң өзгермей «қас сак», «қазақ» боп оқылатындығы. Сондықтан текті елдің халқы тегін **қазақ** аталмайды.

Сөйтіп, осы дәйекті пікірді әліптің артын күтпей-ақ мойындауымыз жөн. Сайып келгенде, күні бүгінге дейін талас-

тартыстың объектісі болып келе жатқан **қазақ** сөзінің шығу тегі туралы байламды пікірді айтатын уақыт жетті деп ой түйеміз, яғни орысша айтқанда «і»-дің үстіне нүкте қойылуы керек. Әйтпегенде, 2013 жылғы «Жұлдыз» журналының № 1 санында жарық көрген зерттеуші Т. Қалыбаев өзінің «Қазақ қалай пайда болған?» атты мақаласында: «менің зерттеуімше «қазақ» сөзі «қаза»⁵⁶ сөзінен шыққан» [46, 171], – деп жазғандай ғылыми негізі жоқ оғаш пікірлердің туындай беретіні хақ.



⁵⁶ Мұнда аталмыш мақала авторы «соғыста ерлікпен қаза тапты» [46, 171] деген сөйлемдегі «қаза» сөзін мезгеп отыр.

ҚҰЛЛАНҒАН ӘДІС



ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ



Қазақтың ақсақалдары бағзы заманнан бері ата-бабаларының есімдерін ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіп отырған. Сондықтан XX ғасырға дейін қазақтың ересек балалары жеті атасының есімдерін мүдіртпей айтып бере-тұғын болған. Алайда кешегі «Құдай жоқ, дін – апиын руыңды (тегіңді) білу жікшілдік, жеті атаңды білу менмендік тудырады» деген Кеңес үкіметі кезінде жастарымыздың дені атасының әрі кеткенде бабасының есімдерін ғана айта алды. Мұндай білместік келешекте бүкіл жастарды қамтитын болса, онда қазақ халқы ғасырлар бойы қалыптасқан этникалық генофондтың сапасын мүлдем жоғалтып, ұрпақтарымыздың басына мәңгүрттік жағдай түсетіні анық.

Қазақ халқының құрамындағы жеке рулардың ішіндегі ата-бабалардың есімдерін таратып, қағазға жазылған шежірелердің⁵⁷ ертеден болмағаны көпшілікке аян. Бұл жөнінде білгір шежіресі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ... Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған», – деп жазады [48, 9]. Осындай адамдар арқылы ататек шежіресі атадан немереге, немереден шөбереге мирас болып, ауыздан ауызға тарап бүгінгі заманға дейін жетті. Мұны қазірде ғалымдар «Даланың ауызша тарихнамасы» (ДАТ) деп атап жүр. Бірақ, өкінішке орай, бүгінгі кезде ел арасында шежіре білетін, көпті көрген көнекөз қарттар жылдан-жылға азайып барады, тіпті кейбір жерлерде жоқтың қасы деуге де болады.

⁵⁷ Шежіре – «шажара» деген араб сөзінен пайда болған. Бұл сөздің мағынасы – 1) ағаш; 2) ауыспалы: шежіре ағашы (бір текті ұрпақтардың шыққан тегін және жақындығын көрсететін тізім).

Қазақ халқында «жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер, өзін ғана білген ұл – құлағы мен жағын жер» деген мәтел бар. Демек, қазақтар ертеден балаларын жеті атасын білуге міндеттеген. Осындай тәрбиелік тәртіппен халқымыздың ататекті білуді үйреткенде өз араларын басқа рудан ажырататын жік табу үшін емес, керісінше бір-бірімен және басқамен де жалғасатын жіп табу үшін үйреткен ғой. Сондықтан да «қарға тамырлы», «қарын бөлелі» қазақпыз деген нақыл сөз қалдырған. Сонымен, шежіренің негізгі мақсаты – ұлтымыздың өсіп-өнген тарихынан аз да, аңыз да болса дерек білдірумен бірге, олардың туыстығын, ынтымақтастығын, ерлік, т.б. өнегелі істерін паш етіп, қан тазалығын сақтау дәстүріне ерекше мән берген. Қазақта басқа халықтарда жоқ жеті атадан әрі ғана қыз алысып, қыз берісетін ескі әдет бар. Бұл – ұлтымыздың өзгеден ерекшелігін бейнелейтін, қан тазалығын сақтаудағы рулық тәлім-тәрбие негізінде қалыптасып шыңдалған қасиетті дәстүрі. Бұл дәстүр – халқымыздың бағзы заманнан келе жатқан, қазіргі медицинаның дәлелдеуінен өткен жеті атаға толмай қыз алыспайтын қазақи ұстаным. Сондықтан бұл ұстаным – ата-ана үшін отбасылық үлгі-өнегенің әліппесі болған. Осыған байланысты нықтап айтарымыз: Қандос ағайындар бір-бірімен жеті атаны толтырмай қыз алыспайды.

Қазақтың байырғы тектік дәстүрі бойынша жеті атадан тараған ұрпақ туыс аталады. Туыс адамдар, яғни ер бала мен қыз некелессе, тектілік қасиет жойылып, уақыт өте келе ұрпақ азып немесе ұсақталып кетуі мүмкін. Осыны сонау ықылым заманда-ақ сезіп-білген қазақтар бір-біріне тым жақын туыс жастардың қосылуына қатаң тиым салған. Бабаларымыздың ұстанған осы бір қағидасының айна-қатесіз шындық екенін бүгінгі генеалогия ғылымымен айналасатын ғалымдар да ашық мойындап отыр.

Мәселен, бесінші атадан қосылатын екі жас некелеседі. Олар 10 жыл бірге тұрмыс құрғанда перзенттерінің ешқайсысы фәни дүниеге тұрақтамай, бірінен соң бірі шетінеп кетеді.

Дәрігерлер олардың денсаулықтарынан ешқандай кінәрат таппай: «Тектілік, яғни гендік ерекшеліктер жүйесі сақталмай қан бұзылғандықтан, бойға біткен шарана жарық дүниеде өмір сүруге қабілетсіз болады», – деген қорытынды шығарады. Сондықтан сегіз атаға дейінгі ұрпақтар некелескенде тектілік (гендік) қасиет нығайып, күшеюдің орнына әлсірей түседі де, адам ағзасында кері процесс жүріп, «х» және «у» хромосомаларының бірі жойылады. Мұндай жағдайда еркек те, әйел де өмірге ұрпақ әкелуге қабілетсіз болып қалыптасады. Ендеше бүгінгі қилы заманда өзімізді сақтап қалғымыз келсе, ең әуелі салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымыздан қол үзбеуге тырысайық. Ұлттық рухы мықты адамның қашанда жаны мен қаны таза болатыны белгілі. Бұған жетудің ең басты жолын ата-бабаларымыз өзі-ақ көрсетіп кетті емес пе? Ол жол – жеті атаға толмай қыз алыспау. Бұл орайда тағы бір ескеркетін нәрсе: жеті атаны жеті ұрпақпен шатастырмау (3 кестені қараңыз).

Осы кестеден көріп отырғанымыздай, қазақтың «жеті ата» дегені былайша саналады екен: бірінші баланың өзі, екінші – әкең, үшінші – атаң, төртінші – бабаң, бесінші – ұлы бабаң, алтыншы – түп атаң, жетінші – тек атаң. Ал, ханзу (қытай) мен ағылшындардың балаға дейінгі ата атаулары төртеу-ақ, оның өзі ата-баба деген жалпылама атауға сәйкес келеді. Жапон және ұйғырлардың ата-тегі 3-4 әулет қана болса, орыстарда 6 атау болғанымен біздегідей жеті аталық ұстаным жоқ. Сонымен, қазақтың жеті атаға толмай қыз алыспайды деген дәстүрін түсіндіре айтар болсақ, қазақ рулары жетінші атаны (тек атаны) толтырып, сегізінші ұрпаққа (туажатқа) жеткенде ғана құдаласады. Осындай жеті аталық ұстаным бүкіл дүние жүзі бойынша қазақтан өзге ұлттарда бар деуге болмайды.

3 кестеде бір кіндіктен тараған ұрпақтардың қазақи атаулары сегізінші атау-туажатпен ғана көрсетілген. Бұлардан әрі ол атаулар былайша боп жалғасады: тоғызыншы – тумайжат, 10-шы – немелтай, 11-ші – шөбелтай, 12-ші – жамағайын, 13-ші – қабырға ағайын, 14-ші – жұрағат, 15 – қаймана.

Жеті ата мен жеті ұрпақтың салыстырмасы

Рет саны	Аталар атауы					Ұрпақтардың қазақи атауы
	Қазақша	Ұйғырша	Ағылшынша	Орысша	Жапонша	
1	Бала	Бала	Sun	Ребенок	Wataxi	Бала
2	Әке	Дада	Father	Отец	Qigi	Немере
3	Ата	Боуа	Grandfather	Дед	Ojisan	Шөбере
4	Баба	Ұлық боуа	Great grandfather	Прадед		Шөпшек
5	Ұлы баба		Great-great grand-father	Дальние предки		Шөбелек
6	Түп ата			Предки		Немене
7	Тек ата					Жүрежат
8						Туажат

Бір кіндіктен тараған ұрпақтар тоғызыншы буын-тумай-жатқа жеткенде жаңа рулы елге айналады. Осыған орай, ертедегі қазақтарда рулық статус алу рәсімін атап өтетін дәстүр болған. Сонда өз тайпасына жататын рулардан кісілер шақырып, той-думан жасап, ала арқан керіп, ала жіп аттап, боз бие шалып, аталастығымызды берік сақтайық деп бармақтарын қанға малып, рулық таңба белгісін алады екен.

Жеті аталық үрдіс бүкіл ұлт ауқымында тек қарға тамырлы қандастыққа ғана себепші болмай, халқымыздың мәдени-рухани тұтастығын да камтамасыз етіп отырған. Демек, жеті атаны біліп, шежіре тарата білу қазақ дәстүрінде өмірлік қажеттілік болғаны рас. Сонымен бірге ДАТ деректері кейін Орта Азия мен Қазақстанда тарихи әдебиеттердің қалыптасуы мен жазба шежірелердің жазылуына да арқау болды. Бұл жөнінде өзінің әйгілі еңбегіне ауызша шежірені тірек еткен ұлты еврей [44, 55], дәрігер, парсының тарихшысы Рашид ад-Дин Фазлуллах ибн Абу-л-Хейр Хамадани (1247-1318 жж.) былай дейді: «...түркілердің көнеден жеткен салт, дәстүрі бойынша, олар өздерінің ата-тегін, ру шежіресін есте сақтауға айрықша мән беріп отырады. Олар... бабаларына өзге жұрт сияқты тәрбие беру үшін тілі шығысымен-ақ құлағына ру туралы, ру шежіресі туралы аңыз-әңгімелерді құйып қояды. Бұл дәстүрден олар бұрын да, қазір де қылдай ауытқыған емес...» [50, 29].

Рашид ад-Диннің «Сборник летописей» (Жылнамалар жинағы), Захираддин Бабырдың «Бабырнамасы», Дулат Мұхаммед Хайдардың «Тарихи-и Рашидиі», Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі», Ұлықбектің «Сұлтандар шежіресі», Жалайыр Қадырғали би Қосымұлының «Жәми-әт-тауарих» жылнамалары, Шоқан Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», Мұса Шормановтың, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежірелері – ДАТ үлгісімен жазылған. Сондай-ақ, қазақтың зиялы азаматтарының шежірелері Ресейдегі Қазан төңкерісіне дейін

баспаханаларда кітап болып басылым шықты. Олар: Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», Ғұсманғали Сыдовтың Уфада 1914 жылы шыққан «Қырғыз-қазақ шадманиясы», Әлихан Бөкейхановтың Санкт-Петербургте 1905 жылы жарық көрген «Қарқаралы уезі» деген кітабында берілген қазақ руларының 18 кестеден тұратын таралымы. Осы аталған шежірелердің бәрі проза түрінде жазылса, қазақ шежірелерінің өлең жанрында жазылғандары да бар. Шежірені өлеңмен жазуды қостанайлық ақын Нұржан Наушабаев (1859-1919 жж.) бастады. Оның өлеңмен жазылған шежіресі 1903 жылы Қазан қаласында «Манзұмат қазақия» атымен басылып шықты, сосын 1908 жылы Сапарғали ақынмен хат арқылы жұмбақ айтысы жарияланды. Осы Ресейде басылып шыққан кітаптардан кейін Кеңес үкіметі кезінде қазақ шежіресіне қатысты жарық көрген алғашқы еңбек – Мұқаметжан Тынышбаевтың 1925 жылы Ташкентте басылған «Материалы к истории киргиз-казакского народа» атты кітабы.

Содан бері шежіре тақырыбына өктемді отаршыл саясат 40 жылдан аса уақыт тұмалдылық салып келді. Тек 1968 жылы ғана В.В. Востров пен М.С. Мұқанов жазған «Родоплеменный состав расселение казахов (конец XIX в. – начало XX в.)» атты кітап жарық көрді. Бұдан кейін шежірелік кітаптар – жеке рулардың шежірелері Алматы, Ташкент және облыс орталықтарында шыға бастады. Солардың ішінде И.О. Омаровтың «Арғын руларының қысқаша шежіресі» (Қарағанды, 1991 ж.), С. Толыбековтың «Қазақ шежіресі» (Алматы, 1992 ж.), Тарақты Ақселеудің «Балталы, Бағаналы ел аман бол» атты шежіресі (Алматы, 1993 ж.), Хамит Мадановтың «Кіші жүздің шежіресі» (Алматы, 1994 ж.), Зайыр Сәдібековтың «Қазақ шежіресі» (Ташкент, 1994 ж.), «Ана тілі» газетінің Жарылқап Бейсенбайұлы дайындаған «Қазақ шежіресі» (Алматы, 1994 ж.), Медеу Сәрсекеевтің «Тарақты және Қаракесек шежіресі» (Алматы, 1995 ж.), Тілеке Жеңістің

«Ертіс – Баянаула өңірі шежіресі» (Павлодар – Омбы, 1995 ж.), Т.А. Еңсебаевтың «Қанжығалы шежіресі» (Павлодар, 2004 ж.), т.б. бар.

Осы жоғарыда аталған шежірелерді мұқият оқып шығып, ондағы ататекке байланысты қайсыбір деректерді салыстыра отырып, ой елегінен өткізгенде байқағанымыз: қазақ халқының түп тегі, оның құрамындағы тайпалардың тектері және олардан өрбіген рулар мен аталардың көбінде, турасын айтсақ, сәйкестік жоқ. Мұның басты себебі, біздіңше, шежірелердің барлығы дерлік ауызекі әңгімелердің желісімен кетіп, жаңсақтыққа ұрынған. Сондықтан оларда ала-құлалық, кем-кетік, қым-қиғаш мәліметтер баршылық.

Енді осы айтылған жайлардың ұзын-ұрғасы аясында әңгіме бастау үшін қолда бар шежірелерден іріктеп алынған қазақтың түп тегі туралы жазылған бірін-бірі қайталамайтын жеті дәйексөзді мысалға алып көрелік:

1. «Қазақ – Алаштың ұрпағы. Алаштан – Жайылхан, Сейілхан... Жайылханнан – Қазақ, Созақ, Ұзақ туады... Қазақтан – Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз) тарайды [18, 12].

2. Алаштан – Сейілхан, Жайылхан, Майқы, Созақ, Қазақ. Қазақтан – Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз)» [51, 86].

3. «Нұх пайғамбардың кіші ұлы Яфас, мұның үлкен ұлы Түрік. Түрік әулеті – Дешті Қыпшақ. Дешті Қыпшақ әулеті Тұразбек хан. Тұразбек ханнан Мухсин, одан Зермәрдән, одан Рақаша, одан Нәдір, одан Мәлік, одан Әнес, одан Мағаз, одан Жәбал. Жәбалдан Шәһәйіл және Ақшолпан. Ақшолпаннан Қырғыз. Шәһәйілден Аққурай, Аламан... Аққурайдан Алаш, Сейілхан... Алаштан Жәйілхан. Одан Майқы би. Одан Өзбек пен Сабиан. Сабианның балалары Қазақ, Сазақ, Долағай, Айырқалпақ... Қазақтан Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген үш бала туған...» [52, 4].

4. «...казахи ведут свой род от Яфса, сына пророка Нуха (Ноя), от народа Тукю (по-китайски) т.е. тюрков... После этого народ тюркский назывался Хун или Гун... В последующие столетия тюрки известны под многими именами, но мы – из ветви Уйгыр... Народ этот составляли тайфы (қазақша: тайпалар. – С.Ж.): кыргыз, канлы, кыпчак, аргынот (арғын. – С.Ж.), найман, керейт, доглат, ойсын (үйсін. – С.Ж.) – т.е. наши прямые предки... когда хан Озбек – потомок Джучи принял ислам, все, кто в улусе его и предки наши стали называться озбеками, а когда Аз-Жанибек отделился от хана Ногай⁵⁸ и народ наш последовал за ним, мы стали называться... казаками. В ту пору наименование «казак» носили не только три казахских жуза, но и другие племена» [42, 41-42].

5. «... Қадыр, ...Қалша деген аталарымыз болған... Олар әлде Түрік, әлде Сак, әлде Хун аталған деседі...

Қадырдың баласы Алаш делініпті... Алаштан Жайыл туады. Жайылдан Қазақ деген жалғыз ұл... Қазақтан екі ұл болыпты: Жұман, Тұман» [53, 34-35].

6. «... Алаштан Сейілхан, Жайылхан, Елхан деген үш ұл туады... Сейілханнан сегіз арыс Түрікмен тарайды. Жайылханнан – Өзбек, Елханнан – Сабиян туады. Сабияннан Айырқалпақ, Айырқалпақтан Майқы би...

Майқыдан Қазақ, Созақ, Ұзақ атты үш ағайынды тарайды» [54, 5].

7. «Бүкіл далалық рулардың түпкі атасы Ақшолпан еді, одан Аламан, Аламаннан Алаша хан, Алаша ханнан Сейілхан,

⁵⁸ Бұл жерде Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әз-Жәнібек Ноғай ханнан бөлінгенде» деп жазғаны тарихи шындық емес. Себебі, біріншіден, Жошы ханның шөбересі Ноғай сұлтан XIII ғасырда өмір сүрген; екіншіден, ол Алтын Орда әскерінің қолбасшысы болғанымен хан тағына ие болмаған. Ал, Шәкәрім қажының «народ наш последовал за ним» дегені, біздіңше, былай болған: Әз-Жәнібек сұлтан XV ғасырдың басында Ноғай Ордасынан бөлініп, Ақ Ордаға қоныс аударғанда онымен бірге қазіргі қазақ халқының құрамында бар біраз тайпалар да кетеді.

Жайылхан есімді екі ұл туды. Сейілханнан сегіз бұтақты түрікмендер тараған. Ал қазақтар сол түрікмендерден бөлініп шығып еді» [55, 27; 56, 351].

Осы жеті дәйексөзді оқып шыққан әркім «Қазақ» есімді баланың бес басқа әкеден туғанын аңғарады. Атап айтсақ, ол әкелердің есімдері: Жайылхан, Алаш, Сабиян, Жайыл, Майқы. Тек жоғарыдағы төртінші дәйексөздің авторы Шәкәрім Құдайбердіұлы ғана «Қазақ» деген баланы ешкімнен туғызбай, «қазақтар өзінің тегін, Нұх пайғамбардың баласы Яфестен, түркі халқынан бастайды» деп жазады. Сонымен қатар, ол осы дәйексөзде казактың ұйғыр бұтағынан тарайтығын және «қазақ» атты этнонимнің тек үш жүзге біріккен біздің халықта ғана емес, басқа түркі тайпаларында да бар екендігін айтады. Соңғы пікір, біздіңше, шындыққа жатады. Жоғарыда мысалға алған дәйексөздерден байқағанымыздай, Қазақтың әр басқа әкеден туылуындай ала-құлалықты біз кітап болып басылып шыққан шежірелердегі өтірікті әшкерелеу мақсатымен айтып отырғанымыз жоқ. Құдай ондай күпірліктен сақтасын. Біздің түпкі ниетіміз – кейінгі ұрпақтарымызға ата-тегімізді дәлірек анықтап түсінік беру. Бұл жерде ендігі бір түйіп айтар сөз: рулық шежірелердің қай-қайсысында болмасын кездесетін негізгі кемшілік: этнос пен ру мен тайпалардың атауларын әдетте антропоним (кісі есімі) ретінде алып қарау. Мәселен, «қазақ» деген сөз кісі есімі емес, этностың (халықтың) атауы. Сондай-ақ, «арғын», «үйсін», «найман», «қоңырат» деген сөздер де антропоним емес, тайпалардың атаулары, яғни олар этнонимдық атаулар болып саналады. Демек, казак Бәленшеден, арғын Түгеншеден туды деп айтуға әсте болмайды.

Әйтседағы өмірде нақтылы болмаған Қазақ есімді баланы Бәленшеден туғызып, одан Түгеншелер дүниеге келді деу-көне заманнан бергі ата-бабаларды білмегенімізді мойымай жүйрік ойдың қиялына бой алдыру. Осы орайда, турасын айтсақ, жұмыр жердегі бүгінгі барлық адамзат әулетінің Адам-Ата

мен Хауа-Анадан тарағанын жақсы білеміз. Алайда адамзат әулетінің сан ғасырлық шежіресі Адам-Атадан бастап біздің жыл санауымыздың тым болмаса орта ғасырына дейінгі-ақ заманға жазба түрде түгіл, ДАТ арқылы да жетпей тарих сахнасында мәңгі жабылып қалғаны хақ.

Енді бір сәт шегініс жасап айтсақ, Құран Кәрімде, шығыс діндері әдебиеті мен М.Н. Нострадамус, Е.П. Блаватская және т.б. Белгілі теолог-ғалымдардың еңбектерінде жер бетінде алғашқы Адам-Ата мен Хауа-Ана жаратылғаннан бері Нұх пайғамбардың заманына дейін өркениеті өте жоғарғы сатыда дамыған төрт адамзат нәсілдерінің қауымы болғаны сөз болады. Бұл жөнінде Құран Кәрімде: «Жер бетіне сендерден бұрында талай қауым келіп-кеткен», – деп жазылған [57, 56]. Біздің заманымыздан 11 мың жыл бұрын басталып, бір жылдай уақытқа созылған соңғы дүние жүзілік Ұлы топан су кезінде Алланың әмірімен Нұх пайғамбар кеме жасап, оған өзінің Хам, Сам және Иапес есімді ұлдарын әйелдерімен бірге отырғызады. Сосын кеме толқынмен тербеліп, жүзіп кете барады. Ақырында кеме Тибет тауының үстіне келіп тоқтайды. Бұл туралы Құран Кәрімнің һүд сүресенің 37-44 аяттарында жазылған [57, 187].

Ұлы топан суы кезінде Тибетті паналап аман қалған Нұх пайғамбар үш ұлын үш тарапқа жібереді [42, 11]. Осы үшеуінен өсіп-өрбіген ұрпақтар, яғни адамзаттың бесінші нәсілінің үрім-бұтағы, Жер бетіндегі қазіргі бесінші өркениетті қоғамды дамытып келеді [58, 407, 828, 907]. Хамның ұрпақтарынан Африка, Америка және Тынық мұхит аралдарындағы халықтар өрбісе, Самның ұрпақтарынан араб, еврей халықтары пайда болады. Иапестің Иран есімді ұрпағынан қазіргі иран, ауған, хинди, латын, еуропа халықтары шықса, ал екінші ұрпағы Тұраннан қытай, жапон, корей, түркі, маньчжур, тунгус, финугор халықтары өсіп өнеді. Тұраннан тарайтын бір ұрпақтың есімі Түрк болған. Ол шамамен біздің жыл санауымызға дейінгі екінші мыңжылдықта өмір сүрген. Осы Түрк – қазіргі дүние

жүзіндегі барлық түркі халықтарының түпкі атасы болып саналады. Біз бұл жайында әңгіменің орайына қарай Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қазақтың түп атасы» деген 302 жолдық өлеңінен мынадай деректерді оқи аламыз [59, 30]:

«Қазақтың түп атасы батыр Түрік,
Арабсың деген сөздің түбі шірік.
Пәленше сахабаның затысың деп,
Алдаған дін жамылған өңкей жүлік.
Адамның тұқымынан Нұх пайғамбар,
Үш ұлы – Сәм, Хам, Япас міні осылар,
Япастың бір баласы Түрік деген,
Өрбіген сонан өсіп, талай жандар».

Осы өлеңде сөз болған Түрк бабамыздың өмір сүрген кезінен бастап Түркі қағанатына дейін (552-603 жж.) шамамен 20 ғасырдан аса уақыт өткен екен. Бұл дегеніңіз – адамзат тарихы болмысының қилы-қилы заманы мен ұзақ сонар тұңғиық дәуірі. Ал бұдан кейінгі Түркі қағанаты мен Қазақ хандығының құрылуы аралығын тоғыз ғасырдан аса уақыт бөліп тұр. Енді осы жерде оқырмандарға азды-көпті айта кететін мынадай бір ескертпе әңгіме сұранып тұрған сияқты. Тарихи әдебиеттерде Нұх пайғамбардың үшінші баласының есімі Яфас, Япас, Иапес, Яфес, Япши, Иапет деп әр түрлі жазылды. Сөз жоқ, мұндай болымсыз қателікке заңды құбылыс ретінде түсінікпен қарай отырып, тек Нұх пайғамбардың үшінші баласы болыпты деген ақиқатқа дес берсек болғаны. Сосын, кейбір тарихшылар мен зерттеушілер айтатындай, Түрк-Иапестің баласы. Бұл – біздіңше, шындыққа қайшы пікір. Өйткені, Иапес Ұлы топан суы басталардан бұрын өмір сүргені жоғарыда айтылды. Ендеше оның баласы бір жылға созылған топан судан кейін туған болады. Содан бергі шамамен 347-ден⁵⁹ аса ұрпақтың өмірін қамтитын ұзақ дәуірде «Түрк» деген есімнің Түркі қағанатына

⁵⁹ 347 – бұл сан демограф ғалымдардың айтуы бойынша бір ғасырда үш ұрпақтың (әке, бала, немере) тіршілігі бар деген тұжырымға сәйкес есептеліп шығарылған.

дейін жетуі мүмкін емес. Дегенмен, қайткен күнде де оның есімі біздің жыл санауымызға дейінгі екінші мыңжылдықтан бері тарих сахнасына шықты десек шындыққа жанасады.

Мұнан әрі жоғарыда үзілген негізгі әңгімені жалғастырсақ, түркілерге байланысты сонда айтып өткен шамамен 20 ғасырдан аса уақыт аясында олардың ататек шежірелері өздерінде көнеден бар дәстүр бойынша ұрпақтан-ұрпаққа ДАТ арқылы беріліп отырса да қағаз бетіне түспегендіктен, өкінішке орай, бізге аздап түгіл, солардың жұрнағы да жеткен жоқ. Сөйтіп, бізге жеткен ауызша шежірелерде XIV ғасырдан арғы аталарымыздың есімдері мүлдем ұмытылып, мәңгілік жоғалғаны – аксиомалық анық нәрсе. Сондықтан бүгінгі қай шежірені алмасаң да, онда, мысалы, өмірде болмаған Бәленшенің балалары Түгеншелер деп қате жазылуының бар шындығы сол ұмыт болған арғы аталарды білмегендіктен жатыр.

Міне, осы пайымдауды негізге ала отырып, қазақ шежірелеріне қиялдан шыққан ата-баба есімдері сыналап кіргенге ұқсайды. Бұл арада мәселенің шындығына келсек, қазірде ата таратуға қолданып жүрген шежірелеріміздің қайсыбірінде ғана арғы атаның есімі әрі кетсе XIV ғасырдан, ал көпшілігінде XVI ғасырдан белгілі. Яғни біздер небәрі 15-21 атадан тұратын 6-7 ғасырлық шежірені пайдаланып жүрміз. Ал, одан арғы аталардың бұдан әріде де табылуы неғайбіл.

Дегенмен, біздің қазақта ата-баба тамырын өте алыс жылдарға жеткізетін шежірешілер де болыпты. Мысалы, Қазыбек Бек Тауасарұлы (1692-1776 жж.) өзінің «Түп-тұқианнан өзіме шейін» атты ктабында мынандай ғажап деректі айтады: «Бұқар аға (Бұқар жырау Қалқаманұлы. – С.Ж.) асқан шежіре, оның Арғынның жетпіс үш атасына дейін айтқан шежіресін де көшіріп бердім. Оны ұрпағы жаттап, жадына сақтап өсер деген дәмелімін. Бұқар жырау сияқты адам бүгінде біздің тұстарымыз арасында сирек. Ақтамберді жыраудан зор мұра кездестірмедім» [53, 383]. Бұқар жыраудың өзіне дейінгі ата-

ларын артық-кемі жоқ 24 ғасырға жеткізе таратып, қағазға жаздырған сол шежіресі біздің қолымызға түскен жоқ. Әйтсе де, жоққа өкініш білдіре отырып, үмітсіз болмайық, келешекте, бәлкім, ол шежіре табылып та қалар. Әрине, осы сөз болған дерекке сену де қиын.

Сөз орайында мына бір деректі де айта кетсек. Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтың аталары ертеде Сауд Арабиясынан Қазақстан аймағына VII ғасырдың соңғы жиырма жылынан бастап түркілер арасына ислам дінін таратуға және ағартушылық қызмет атқаруға, яғни «ислам аша» келген, халқымыз содан бері «қожа»⁶⁰ деп атайтын араб ұлты өкілдерінің ұрпағы екені белгілі. Сонда әулеттік шежіре бойынша қазақ халқын өзінің шығармаларымен әлемге танытқан, Абайды қазақ әдебиетінің ұшар басына шығарып дәріптеген Мұхтар Әуезов Алланың соңғы расулы Мұхаммед Мұстафа саллолоху әлейкі – уассаламның әрі немере інісі, әрі күйеу баласы, ислам әлемінің төртінші халифы – Али ибн Абу Талиб ибн Абд ал – Мутталибтың (656-661 жж.)⁶¹ 45-ші ұрпағы екен [60, 289-291]. Мінеки, осы 12 ғасырдан артық дәуірді қамтитын таңданарлық дерекке қарағанда араб елінде бағзы заманнан бері жазбаша әулеттік шежірелердің жүйелі жолға қойылғаны ден қойдырады. Сонымен, қожалар деп Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаның (с.ғ.с.) сүйікті қызы – Фатима (қазақ

⁶⁰ Қожа – көне түркі тілінде «ағартушы» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөзді кейбір зерттеушілер парсы тіліндегі «хвадше» (орысша: господин, хозяин, начальник) деген сөзден қазақтың жалпақ тілімен қожа болғанын айтады. Бұған қарсы уәж ретінде айтсақ, Қытайдың батысындағы Тұрфан өлкесінде I ғасырда ғұндардың астана қаласы Қарақожа болған [61, 15; 92, 426]. Мұндағы Қарақожа топонимі көне түркі тіліндегі «қара» (ұлы), «қожа» деген екі сөзден құралған. Тағы бір уәж: мысалы, Құл Қожа Ахмет Иассауи есімі былайша қазақша айтсақ, «Адами ағартушы Ахмет Иассауи» болады, ал қожа сөзін алсақ, «пенде қожайыны (не бастығы) Ахмет Иассауи» боп шығады.

⁶¹ Ислам әлемінің төртінші халифы Хазіреті Алиды – қазақтар Әзіреті Әлі деп атайды.

фольклорындағы Бибі Фатима, Пір Бибатима) мен оның күйеу баласы, әрі немере інісі Әзіреті Әліден (Алла одан разы болсын) өрбіген Қазақстандағы ұрпақтарын айтамыз.

Енді ыңғайы келгенде айтатын болсақ, қазіргі күнде кітап болып, баспалардан шығып жатқан әр түрлі қазақ рулары туралы шежірелерде **«қожалар жүзге кірмейді»** деген қағидалық сөздер жазылып жүр. Біздіңше, мұндай пышақ кесті етіп айтылған пікір – дұрыс емес. Бұған қарсылық білдірместен бұрын, алдымен жүз сөзінің негізгі ұғымына келсек, ол – жалпы Қазақстан аумағындағы жердің үштен бір бөлігін тұрақты мекен қылған қазақ халқының құрамындағы тайпалар мен рулардың этноаумақтық бірлестігі. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз дегеніміз этникалық емес, әкімшілік, аймақтық (орысша: «край» деген сөзге саяды) бөлініс болып саналады. Яғни, қазақтың үш жүзге бөлінуі көшпелі өмір салты туғызған ел билеудің жер ыңғайы бойынша жіктелудің табиғи үдерісі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, бүгінде біздің қожалар ұрпақтары Қазақ хандығы құрылғаннан бері үш жүздің барлығына кеңінен тарағаны белгілі. Солай болғанда, ойланып көрейікші: VII ғасырдан бері Қазақстанда тұрып келе жатқан қожалардың ұрпақтары қалайша жүзге кірмейді? Сөз жоқ, олар кірулері керек. Әйтпегенде олар қазақта болмайды емес пе? Әрине, солай болады. Сондықтан «қожалар жүзге кірмейді» деген – шалыс сөз.

Сонымен бірге, «қожалар руға жата ма?» деген сұрақ та қойылып жүр. «Ру» дегеніміз 9-шы атадан тараған үрім-бұтақ болғанда, VIII ғасырдан бастап Қазақстанда тұрып келе жатқан қожалардың тікелей бір атадан тарайтын шамамен төрт рулық топты құрайтын 36 атаның ұрпақтары неге руға жатпайды? Сөз жоқ, жатады. Алайда олардың рулары, біздіңше, «қожа» деп аталмауы керек. Себебі, «қожа» деген сөз қазақ халқының оларға қоғамдағы атқаратын ағартушылық қызметіне байланысты берген атақтың көне түркі тіліндегі атауы.

Өткен тарихты еске алсақ, бүгінгі қожалардың арғы ата-бабалары сонау VIII ғасырдан бастап Алланың жолын ұстап, көз көрмеген алыста жатқан қазақ жеріне келіп, ислам дінін таратып, ағартушылық қызмет атқарып, мәңгілікке осы аймақта қалып, жергілікті халықпен етене аралысып және олармен құдандалы да болып кеткені ойға оралады. Қожалар туралы сөзді әрі қарай сәл жалғастырсақ, қожалар XV ғасырда жергілікті түркі тайпаларымен бірге қазақ хандығын құруға да атсалысты. Сосын олар қазақ жастарының сауаттылығын арабша ашып, оларды араб білімінің қайнар бұлағымен сусындатқаны да белгілі нәрсе. Қазақ хандығы құрылғаннан бергі бес ғасырлық уақытта қожалар қазақтармен бұрынғыдан бетер біте аралысып кетіп, олардың тұрмыс-тіршілік жағдайы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы түгіл, тіні мен ділі де, ДНК⁶²-дан басқа демекші, бәрі-бәрі де мүлдем нағыз қазақыланып кеткені айдай анық. Демек, қожалар – қазақ ұлтының ажырамас бір бұтағы. Сондықтан Қазақстандағы қожалардың әрбір ұрпағы, біздің пайымдауымызша, өзін былайша деп таныстыруы керек: ұлтым – қазақ, нәсілім – Өзірет Әлі, тегім-мысалы, Хорасан ата, руым-мысалы, Орта жүздегі бәленше. Ендігі мәселе: осы бәленшеге тіреліп тұр. Оны «не» деп атауды қожалардың қазіргі белгілі зиялы ұрпақтарының шешуіне қалдырайық демекпіз.

Жоғарыда айтылғандай, бүгіндегі тектік шежірелерге ғасырлар тереңінде жатқан арғы ата-бабаларымыздың есімдерінің ұмыт болуынан кейбір иланымсыз жаңсақ есімдердің еніп кеткенін қынжыла ескерте отырып, біз халқымыздың қасиеті боп саналатын оның асқан шежірешілдігіне еш күмән келтірмейміз.

Ендігі әңгіме арғын тайпасы жайлы болмақ. Бұл әңгімені бастамастан бұрын, алдымен, оқырмандарға тарихта екі арғын тайпасы барын айтуымыз керек. Олардың біріншісі – біздің

⁶² ДНК – десосирибонуклен қышқылы.

жыл санауымыздан бұрын Орталық ғұндар⁶³ өмір сүрген байырғы заманда бар тайпа. Екіншісі – XIV ғасырда негізі көне замандағы арғын тайпасына жататын Қарақожа батырдың баласы Арғынның есіміне байланысты пайда болған осы замандағы тайпа.

Қазақ халқының құрамындағы ең қомақты тайпа-арғын. Арғындардың қазақ халқына ғана емес, тіпті күллі түркітестес халықтардың тарихына өзіндік зор үлес қосқаны белгілі. Олардың саны 1917 жылдың қарсаңында 890 мың⁶⁴ болып, жалпы қазақ халқының 15 пайызын құраған екен [7, 63]. Ертеден айтылып келе жатқан «аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ...» деген бейнелі теңеудің мәні тегінде осы көптікте жатса керек. Арғындардың белді жұрт екендігін Ұлы Бұқар жырау өз толғауында:

«Мен арғын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын,
Сен бұзау терісі шөншіксің,
Мен өгіз терісі талыспын», –

деп аңғартады Сырдария бойынан ауа көшіп бара жатқан керейлерге [62, 95].

Арғындар біздің заманнан бұрын Орталық Азияда, Байқал көлінің оңтүстігінде «ғұн» деп аталатын түркі тайпалары бірлестігінің құрамында болғаны тарихтан белгілі. Ежелгі грек халқының тарихшысы Геродоттің кітабында олар «аргиппей»

⁶³ Ғұндар – Нұх пайғамбардың ұрпағы Түрктен тарайды. Ғұн – көне түркі тіліндегі «күн» (орысша: солнце) деген сөз [49,13]. Бұл жөнінде қазақ поэзиясының пайғамбары Мағжан Жұмабаев былай деген:

«Ерте күнде отты Күннен Ғұн туған,
Отты Ғұннан от боп ойнап мен туғам.

... ..

Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туған, Ғұннан туған пайғамбар» [17, 52].

⁶⁴ 890 мың – бұл көрсеткіште жоғарыда айтылған екі арғын тайпасына жататын ұрпақтардың саны бар.

боп қате жазылып кеткен [25, 193, 551]. Аргиппей мен арғын сөздерінің алдыңғы төрт әріптің айна қатесіз бірдей екені байқалады. Мұнда «н» әрпі «п» әрпіне ауысып кеткен. Оған эллин (грек халқының өздерінше атауы) орфографиясында сөз соңында қолданылатын «пей» деген жалғау әсер еткенге ұқсайды.

Арғындардың ежелгі ғұндардың (күндердің) ұрпақтары екенін және олардың біздің жыл санауымыздан бұрынғы заманда болғанын В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам, Әлкей Марғұлан, т.б.ғалымдар да айтады. Сонымен бірге бұл пікірдің шындығына сол дәуірден қалған жер-су атаулары (топонимдері) да нақты дәлел бола алады. Мысалы, Оңтүстік Сібірдегі Амур өзенінің тармағы Аргунь, Солтүстік Қытайдағы Аргунь (Гэньхэ) қаласы.

Ұлытаудағы Арғынаты тау тізбегі және Байқал көлі сыртындағы қазіргі Чита облысындағы Аргун тау жотасы бар.

Арғындардың тарихы Геродот өмір сүрген V ғасырдан әрі ұзайтындығына байланысты қытай, орыс, парсы, араб және Батыс Еуропа жазбаларында олар жайында мәліметтер көп кездеседі. Олардың бәрін жіктеп айту-арнайы бір кітапқа да сыймайтын әңгіме.

Арғындар біздің жыл санауымыздан арғы кезде-ақ арғы-түркілердің (сақтардың, ғұндардың) Оңтүстік Сібір мен Алтайдан Дунай өзеніне дейінгі Ұлы қоныс аудару көшінде солардың алдыңғы қатарында болған. Содан кейін арғындар V ғасырда Оттылы (Аттила) патшаның қазіргі Венгрия Республикасының территориясындағы Паннония аймағындағы Ғұн мемлекетінен Батыс Еуропаға жасаған жорықтарына да қатысқаны тарихтан белгілі.

Жоғарыда айтылған екі заман кезінде арғындардың Орталық Азиядан Батыс Еуропа елдеріне жүріп өткен жерлерінде арғын тайпасының атына қойылған жер-су атаулары күні бүгінге дейін сақталып қалды. Мысалы, Солтүстік Кавказдағы Аргун шатқалы, Аргун өзені және оның жағасына орналасқан

Аргун қаласы, Армениядағы Севан көлінің Батысындағы Арегуна жотасы, Эгей теңізіндегі Лесбос аралының оңтүстік-шығысындағы Аргинус аралдары, Франциядағы биіктігі 694 м Арденны тауымен қатар Аргонны деген ұзындығы 40, ені 15 шақырымдай қырат бар. Осы қыраттан ағатын Эна және Эр өзендерінің аралығында Аргон орманы [64, 15], Испаниядағы Пиреней, Иберий және Каталон таулары аралығындағы Арагон жазығы мен Арагон тарихи аймағы бар. Міне, осы мысалға алынған «Аргун», «Арегуна», «Аргинус», «Аргонны», «Аргон», «Арагон» деген атаулардың бәрі-бәрі арғын сөзіне байланысты аталғандары белгілі болып отыр. Кейбір тарихты зерттеушілер француз халқының белгілі жазушысы, қоғам қайраткері Луи Арагонның Франциядағы Аргон орманында дүниеге келгенін және оның Арагон фамилиясы ертедегі ғұн – арғындарға байланысты пайда болғанын айтады [64, 15]. Арғындардың Орталық Еуропаға кеңінен танымал болғандығына сербтік Константин Михайловичтің (1438-1502 жж.) «Записки Янычера» атты кітабында: «Поганые, которые приняли закон Магомета (Мұхаммед с.ғ.с. – С.Ж.), различны: это аргины (арғындар – С.Ж.), персы, турки, татары, ...которые не имеют на своих лицах огненных знаков» (үнділердің маңдайына салынатын дөңгелек қызыл белгі. – С.Ж.), – деп жазылған деректе дәлел болады [64, 35].

Арғындарға байланысты сонау ғұндар заманынан XVIII ғасырға дейінгі қысқаша тарихи деректер Мұқаметжан Тынышбаев пен Шаһмұрат Қуанғановтың еңбектерінде [36, 73-78; 63, 3-47] бірсыдырғы пайымды қамтылып жазылғанын оқырмандарға құлаққағыс қылған артық болмас деп, енді арғындардың ата-тектері туралы айтылатын қазақтың кейбір жазба шежірелеріне тоқталып өтелік. Алдымен, бұл жерде оқырмандардың естеріне міндетті түрде айта кетерлік бір нәрсе-жоғарыда айтылғандай, тарихта екі арғын тайпасының бары. Оның бірі – ғұндар заманынан бергі арғын тайпасы бол-

са, екіншісі – XIV ғасырда өмір сүрген Қарақожа батырдың баласы Арғынның есімімен аталатын тайпа. Ғұндар заманында пайда болған арғын тайпасындағы арғындардың ата-тектері: Нұх пайғамбар, одан Иапес, одан біздің жыл санауымызға дейінгі II-ші мың жылдықта өмірге келген Түрк, одан өсіп-өрбіген «ғұн» (күн) деп аталатын түркі тайпаларының бірлестігі, оның ішіндегі арғын тайпасының ұрпақтары. Ендігі сөз – Қарақожа батырдың баласы Арғын туралы.

Қолымызда бар қазақ шежірелерінің бірінде Жанарыстан Қарақожа, Ақтамқожа, Есмағұлқожа, Қасымқожа, Дарақожа, Момынқожа туса [52, 4], ал екінші бір шежіреде одан Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа, Есумқұлқожа туған екен [48, 14]. Осы екі шежіреде Жанарыстың балалары деген тоғыз қожаның⁶⁵ ішінде үшеуінің ғана аттары бір-біріне сәйкес келеді. Олар: Қарақожа, Қасымқожа, Дарақожа, ал қалған алтауы әр түрлі аталады.

Әрине, бұл шежірелерде өзара жанаспайтын жаңсақтық бары анық. Ал үшінші бір шежіре бойынша Жанарыстан жалғыз Қарақожа ғана туады [51, 86].

Жоғарыда «қазақ» деген сөз – этностың атауы, сондықтан бұл сөз – антропоним емес, яғни кісі есімі емес. Демек, өмірде мүлдем болмаған Қазақтан бәленше, түгеншелердің туғандықтарын айту – ерте замандағы ұмытылған аталардың орнын амалсыздан ойдан шығарылған есімдермен толтыру деп түсіну қажет.

⁶⁵ Жанарыс балалары ныспыларындағы қожа сөзіне байланысты бұл адамдарды ертеде қазіргі қазақ жеріне ислам дінін уағыздау үшін келген Әзіреті Әлінің ұрпақтары деп ойлауға болмайды. Сол кездегі қазіргі қазақ жеріндегі түркі тайпаларындағы адамдар ислам дінін қабылдағаннан кейін өздеріне келген Әзіреті Әлінің ұрпақтарын құрметтеп, балаларының есімдеріне «қожа» деген олардың атағын қоса-тұғын болған. Сол кезден бастап Қазақстандағы түркі тайпалары арасында «Әкімқожа», «Айтқожа», «Бекқожа», «Шынқожа», «Балқожа», «Нұрқожа» деген екі сөзден құралған есімдер кеңінен тарайды.

Осы абзацтың алдында ғана сөз болған екі шежіре бойынша Жанарыстан туған тоғыз баланың ішінде тек Қарақожаның ғана тарихта болғандығы жайлы жазба әдебиеттерде нақтылы деректер жазылған. Осы Қарақожаның тарихта болған тұлға екендігін растайтын деректерді айтпастан бұрын осы мәселеге қатысты алдағы айтар әңгіmemіз оқырмандарға жете түсінікті болуы үшін алдыменен қысқа түрде Алтын Орда ханы Тоқтамыс туралы айтуды жөн көрдік.

Тоқтамыс әкесі – Алтын Орданың ханы болған Тұтқожа Оғлан өлген соң Алтын Ордада тақ үшін талас-тартыс, әр қилы дау-жанжалдардың басталуына байланысты өзінің өміріне төнген қауіптен қорқып, Темір мемлекетінің билеушісі Әмір Темірге қашып кетеді. Сонда Әмір Темір оған Отырар және Сайрам қалаларын береді. Сосын ол маңғыт тайпасының беделді әмірі Едігенің қолдауымен және Әмір Темірдің тікелей көмегімен Көк Орданың билеушісі болды. 1378-1379 жылдары ол Әмір Темірдің жинап берген әскерінің күшімен Сығанақ қаласын басып алып, осы өңірге билік орнатты. Сол кезде Ақ Ордадағы біздің жыл санауымызға бейінгі Ғұн тайпалар бірлестігінің құрамындағы арғын тайпасының ұрпақтары Тоқтамысты қолдаушылардың қатарында болыпты. Сол арғындарды басқарған біз жоғарыда айтып өткен Жанарыстан туды-мыс деген тоғыз баланың бірі Қарақожа екен [75, 245]. 1380 жылы Тоқтамыс Алтын Орда тағына отырды. 1396 жылы ол Қырым түбегінде Қырым хандығын құру кезінде оған басқа түркі-тайпаларымен бірге Қарақожа би басқарған арғындар да белсенді көмек көрсетеді. Сонда арғындар Қырым хандығындағы беделді төрт тайпаның бірі болған. Олар Қырым хандығының астанасы Солхат қаласының оңтүстігінде орналасқан [76, 282]. Сол кезде Тоқтамыс ханның құрметіне ие болған Қарақожа би-батыр атанып, оның қалың қолындағы арғын тайпасы сарбаздарының қолбасшысы болады және кейін

ол Тоқтамыс пен Әмір Темірдің арасында елшілік қызметін де атқарады [75, 257; 66, 499-500].

Сөйтіп, Қарақожа батыр қыпшақ даласының заңды ханы болған Тоқтамыстың сенімді адамдарының бірі болды. Осының нақты көрінісі Едігеге байланысты шыққан ел ауызындағы жырлар. Мысалы, «Идегэй» деген қазіргі татар халқының ел аузында сақталған жырында Тоқтамыс хан Қарақожа батырға:

«Кучкәндә күчең әйләнгән,
Исфәһан кылыч бәйләнгән,
Яу карасын күргәндә
Явар көндәй турланган,
Китәр коштай сайланган,
Ярашык аттай ярсинган,
Аргымак аттай типсенгән
Аргыннарның башы идең,
Кара Кужа батырым,» – дейді [76, 47].

Онан әрі осы жырда арғындардың биі Қарақожа батырдың Тоқтамыс ханның тоғыз батырының бірі ретінде аталады [76, 141; 75, 258].

Академик К.И. Сәтбаевтың ел аузынан жазып алынған «Ер Едіге» атты жырды 1927 жылы Москвада жеке кітап етіп шығарғанын білеміз. Осы кітаптың алғы сөзінде ол: «Әңгіме Қара Қыпшақ Қобыландыны, арғын Қарақожа батырды Едігемен замандас етіп көрсетеді», – деп жазады [68, 355]. Осы «Ер Едіге» деген жырда да жоғарыдағы жырда айтылғандай өлең жолдары бар:

«Арғындардың⁶⁶ басы едің,
Қарақожа батырым!» [68, 367].

Енді ұзын сөзді қысқарта айтсақ, Едіге батыр Тоқтамысқа опасыздық жасап, немере туысы Темір Құтлық екеуі Әмір Темірмен жақтаса бастайды. Осы алауыздықты Әмір Темір

⁶⁶ Бұл жырда да аталып отырған арғындар – біздің жыл санауымызға дейінгі арғын тайпасының Едіге батыр кезіндегі ұрпақтары.

пайдалана отырып, Алтын Ордаға бірнеше рет соғыс жорығын жасайды. Осы ойран соғыстар Алтын Орда сияқты ұлы мемлекеттің құлауына негіз қалап, ақыры Тоқтамыс ханның Литва князьдігіне, содан кейін Сібірге қашуына себеп болды. 1405 жылы Әмір Темір (Ақсақ Темір) қайтыс болды. Бұны ести салысымен Едіге Алтын Орда тағына өзін тыңдайтын Шәдібекті отырызып, Тоқтамысты біржола құрту мақсатымен баласы Нұраддинмен бірге Сібірге аттанады. Қадырғали Қосымұлы Жалаиридін (1530-1605 жж.) «Жами ат-тауарих» атты шежіре кітабында Тоқтамыстың өзіне күзет қойғанын төмендегіше баяндайды: «... Содан соң қарауылға Атым батырды, одан кейін Тобал батырды, одан кейін арғын Қарақожаны қойды, өздері бірнеше нөкерлерімен (демалуға) жатып еді. Едіге-Кучук ұлы Нұраддин әскер қолбасшысы болатын. Ол қарауылды, әуелі Атым батырды, содан соң бәрін қапысын тауып өлтірді. Хан (Тоқтамыс. – С.Ж.) нөкерлерімен бейқам еді, олар да опат болды...» [65, 252].

Едігенің баласы Нұраддиннің Тоқтамысты өлтіргені «Ер Едіге» жырында да айтылады. Осыған қарағанда Қарақожа батыр өзінің ханы Тоқтамысқа ақырына дейін адал болып қалды деп айтуға болады.

Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен де Қарақожа батыр туралы оқуға болады [10, 232-233]. Ол тағы бір шығармасында былай деп жазады: «... Қара-Ходжа был посланником от Тохтамыша к Тамерлану. Курганы этих героев находятся на правой стороне реки Ишима, могила ли это их или только памятники, определить невозможно до тех пор, пока эти курганы не будут раскопаны» [77, 298].

Қарақожа батырдың нақты жерленген орнын анықтау, әрине, археология ғылымының еншісі десек, ал оның мүрдесіне құлпытас қою – Арғын бабамыздың бүгінгі ұрпақтарының міндеті.

Сонымен, жоғарыда сөз болған деректердің негізінде Қарақожа батыр жөніндегі ой-пікірлерімізді қорыта келе мынадай тұжырымдар жасаймыз:

1. Қарақожа бабамыздың ежелгі арғын тайпасынан шыққандығы тарихи шындық,

2. Қарақожа – әрі батыр, әрі би және хан кеңесшісі болған XIV-XV ғасырлардағы қазақ тарихындағы ірі тарихи тұлға,

3. Қарақожа батырдың беделі мен зор даңқына байланысты оның есімі жазба деректерде, тарихи жырларда және ДАТ-та да ойып орын алған,

4. Атақ-даңқымен бірге «арғындардың басы болған» [75, 259] Қарақожа батырдың есімі ол қаза тапқаннан кейін арғындардың ұранына айналған.

Осыдан соң қосымша айтарымыз: Қарақожа бабамыз Алтын Орданың бірлігін, тұтастығын сақтау жолында күреске белсене қатысқан және ол Тоқтамыс ханның Ақсақ Темірге сеніп жұмсаған елшісі, яғни сарай маңындағы ақылгөй адамдарының бірі, әрі жауынгер серігі болған.

Жоғарыда Қарақожа батырдың есімі бүкіл арғын тайпасына ұран болғаны айтылды. Дегенмен, уақыт өте келе XVI ғасырда арғындар «Ақжол»⁶⁷ ұранын жалпы ұранға айналдырады. Бірақ ел есінен Қарақожа есімі ұмытылмай, әлі де сақталып келеді.

Қарақожа батыр жайлы жоғарыда айтылған жайларды жан-жақты ғылыми тұрғыдан саралап талдай келе мынадай пайымды жорамал жасаймыз: Орта ғасырда арғын тайпасына жататын есімі бізге беймәлім бір адамның отбасында ер бала дүниеге келеді. Оған әкесі «Қарақожа» деп есім береді. Бұл бала ержеткенде батыр атанады. Кейін осы Қарақожа батырдың бәйбішесінен Ақтанберді (лақап аты Тарақты⁶⁸),

⁶⁷ Ақжол – шын есімі Дайырқожа, Қарақожа батырдың шөбересі.

⁶⁸ Кейбір шежірешілер Тарақтыны Арғынның жиені Иманның баласы екенін айтады [72, 107]. Ал, Әлихан Бөкейхановтың дерегі бойынша Тарақты – Арғынның қарындасының баласы [71, 148].

тоқалынан Арғын туады [67, 17]. Жаңа туған балаға арғы ата-бабаларының есімдерін беру-түркілердің ерте заманнан бар дәстүрі. Сондықтан Қарақожа батыр да өз баласына арғын тайпасының құрметіне байланысты «Арғын» деп ат қойған. Жалпы, «арғын» деген антропонимдер (кісі аттары) түркі елдерінде көп кездеседі. Мысалы, Шыңғыс ханның кіші ұлы Төленің шөбересі, 1284-1291 жылдары Персияны билеген, ислам дінін тұңғыш қабылдаған ханның есімі Арғын болған [69, 245; 70, 29; 30, 524].

Арғын Қарақожаұлының шыққан тегіне қатысты қазақ шежірелері арасында кереғарлық бары байқалады. Сол үйлесімсіздік жайттың да басын аша айтқан жөн секілді. Енді осы мәселе төңірегінде, біздіңше, шындыққа жанаспайды деген екі пікір аясында ғана сөз қозғап көрелік.

Бірінші пікір. Құрбанғали Халид (1843-1913 жж.) «Тауарих хамса» атты кітабында Жанарыстың ұрпақтары жөнінде: «Жан Арыстың Орта жүзге таралған жүз ұлының бірінен қара қожа туған. Қара қожа, ұлы қара Көбен сопы, ұлы Мұхсин сопы, ұлы Уқаша сопы, ұлы Арқұл қожа, ұлы Дайыр қожа, ұлы Арғын», – деп басқа шежірелерде мүлдем кездеспейтін адамдардың есімдерін атап көрсетеді [1, 235]. Осында ол ешбір дәлелді дерекке сүйенбей Арғынды Дайырқожаның (Ақжол бидің) ұлы деп қателеседі.

Екінші пікір. Құдайбердіұлы Шәкәрім қажы арғындардың тегі туралы: «По моему мнению аргыны Среднего жуза являются потомками ойрат Аргын аги, как называет его в своей «Родословной» хан Абулгази» [70], – деп жазады [42, 77]. Сөйтіп, Шәкәрім қажының пікірінше Орта жүз құрамындағы арғындар ойрат тайпасынан шыққан Арғын ағадан тарайды. Сосын Шәкәрім қажы Арғын ағаның кім болғаны туралы былай деп жазады: «... когда великим каганом ... становится младший сын Чингисхана Толы, он посылает в Хорасан⁶⁹ чело-

⁶⁹ Хорасан – Иранның солтүстік – шығыс, Ауғаныстың солтүстік және солтүстік батыс бөліктерін, Мерв алқабын, қазіргі Түркменстанның

века из тайфы ойрат по имени Аргын-ага, назначив его тамошним наместником. По мусульманскому летоисчислению это происходит в 440 г., или по русскому календарю – в 1262 году. Спустя десять лет умирает Аргын-ага, тогда на место его сын Толы-Мункэ каган посылает брата своего Хулагу, ... тем самым подтверждая, что Аргын-ага был из племени ойрат [42, 77]. Бұл Арғын аға-Шыңғыс ханның баласы Төле ханның шөбересі [70, 29], Персияның ханы болған Арғын емес, екеуі екі басқа адам [69, 339]. Арғын хан Абағаұлы – Шыңғыс ханның немересі, Персияда Хулагулер әулетінің негізін салушы Хулагудың (1217-1265 жж.) немересі. Осы тұста сөз ыңғайы келгенде Төле хан заманында арғындардың (Арғын ағаның ұрпақтары емес) іргелі ел қатарында болғанына айғақ ретінде айта кетсек, Хулагу ханзаданың қатыны-сол кездегі көне арғын тайпасының қызы екен [3, 149].

Шәкәрім қажының Орта жүз арғындары – Арғын ағаның ұрпақтары деген пікірінің дұрыс еместігіне мынандай уәжді сөздер айтуға болады.

Біріншіден, ойраттар – орта ғасырдағы қазіргі Монғолия территориясының батыс жағын мекендеген дербет, торғауыт, хошут, т.б. түркі тайпаларының ортақ атауы. Тарихи деректемелерде ойрат этнонимі XIII ғасырдың 40-шы жылдарынан белгілі [4, 447; 73, 346]. Ойраттар – арғындарға емес, қазіргі монғол халқының құрамындағы тайпалармен туыстас боп келеді. Сондықтан ойраттық Арғын ағаның XIII ғасырдың соңына таман ғана өмірге келе бастаған ұрпақтары сонау Хорасаннан Дешті Қыпшақ даласындағы көне арғындардың ұрпақтарына келіп, олармен етене араласып, тоғысып кетті дегенге илануға болмайтын сияқты. Демек, Орта жүздегі арғындар – көне арғындар мен Қарақожа батырдың баласы Арғынның ұрпақтары екені даусыз. Егер Шәкәрім қажы айтқандай, Орта жүздегі арғындар-ойраттық Арғын ағаның ұрпақтары болса, онда Дешті Қыпшақтағы байырғы арғындар оңтүстігін қамтыған тарихи аймақ.

қайда ауып кетті? Түсініксіз... әрине, олардың бәрі басқа жаққа кетіп қалған жоқ. Рас, байырғы арғын тайпасының аздаған ұрпақтары күні бүгінге дейін бізбен көршілес, туыстас басқа түркі халықтарының құрамында бар.

Екіншіден, жоғарыда біз мысалға алған мынандай тағы бір қисынсыздық бар: Төле хан 1232 жылы қайтыс болады [74, 367], ал Шәкәрім қажы: Төле хан 1262 жылы Арғын ағаны Хорасанға аймақ басшысы қызметіне жіберді дейді.

Үшіншіден, Шәкәрім қажы мынандай да дүдәмалдау болжам айтады: «Если аргыны..., известные среди тюркских народов мира, могут быть потомками вообще древних аргынов (бұл пікірде шындық бар. – С.Ж.), то аргыны нашего Среднего жуза – потомки именно этого Арғын – ага. К тому же имя его точно соответствует имени казахского первопредка аргынов. И мой дед, покойный Кунанбай – ходжа, тоже упоминал Хака по имени Арғын-ага» [42, 77-78]. Бұл сөздәйекте Шәкәрім қажы Арғын ағаны Персияның ханы болған Арғынмен шатастырып отыр. Бұлардың екі басқа адам екені жоғарыда айтылған-ды. Шәкәрім қажының пайымдауынша Орта жүз арғындарының нақ ойраттан шыққан Арғын ағаның ұрпақтары екендігін оның есімінің ежелгі арғын тайпасының атауына сай келуі анықтайтын сияқты. Алайда, ол бұл пікіріне ешқандай дәлелді дәйектеме айтпайды да, тек «менің марқұм атам Құнанбай қажы да солай деуші еді» деп айғақсыз сілтеме жасайды.

Енді осы пікір таласқа орай оқырмандарға ескерте кетерлік бір нәрсе – Шәкәрім қажының (Алла одан разы болсын) Арғын аға туралы пікірін қателікке санағанымыз, әрине, арам пиғылдан туған емес, Алла ондай күпірліктен әрдайым бізді алыс қылсын. Шәкәрім қажы – көп білетін және білудің керек екенін білетін зиялы адам. Дегенменде, қателеспейтін пенде болмайды деп, біздің осы пікір таласында көздеген мақсатымыз – қайткен күнде де тегімізді анықтап білу екендігі аян-дүр.

Сонымен, жоғарыда айтылған деректерге сүйене отырып, қорыта айтарымыз: жалпы алғанда Еуразия қосқұрлығындағы

түркі халықтары әлеміндегі арғындар бір-ақ атадан тарайды десек қателесеміз. Себебі қазіргі қазақ шежірелерінде сөз болып жүрген арғын екі аталық бөліктен тұрады: Бірі – ежелгі ғұн заманынан белгілі арғындар, екіншісі – Қарақожа батырдың ұлы Арғыннан өніп-өскен осы замандағы арғындар.

Міне, осындай түсініктен кейін «арғын» деген этнонимнің этимологиясы да екі түрлі: алғашқысы көне заманнан белгілі арғын тайпасының атауына байланысты шыққан этноним болса, ал осы замандағы «арғын» деген этноним Қарақожа батырдың баласы Арғынның есімімен аталғандығына Мәшһүр Жүсіптің:

«Қарақожа бабамнан Арғын туып,
Дәулетке сондай толған айналасы», – деген сөзімен [86, 143] қорытынды жасаймыз.

Сондықтан XIV ғасырдағы Қарақожа батырдың арғы замандағы арғындардың тек – ата таралымын, өкінішке орай, енді, жіліктеп дегендей, таратып бере алмаймыз. Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

«Арғыннан⁷⁰ әрі барсаң адасасың,
Ми жетпес көп дүниеге шатасасың.
Ол кезде сен де жоқсың, мен де жоқпын,
Несіне шежіреге таласасың?», – деп [54, 20]

тегін айтпаған сияқты. Демек, ол арғы ата – бабалар ұмыт қалды деп есептейді.

Арғындарға қатысы бар тағы бір дерек-ежелгі арғын тайпасына жататын арғын руларының біршамасы Қазақ хандығы құрылғанға дейін Алтайдағы, Қырымдағы, Кавказдағы, Еділ бойындағы, т.б. қазіргі ТМД елдеріндегі түркі тайпаларының құрамына еніп, олармен сіңісіп кетеді [78, 104-105].

⁷⁰ Бұл жерде Мәшекең «Арғын» деп Қарақожа батырдың баласын айттып отырғаны күмәнсіз. Ал, осы өлең шумағындағы «Арғыннан» дегенге орай Мәшекең Қарақожа батырды білмеді деуге болмайды. Әрине, ол біледі. Алайда ол өлеңнің 11 буындық ұйқасын сақтап, «Қарақожадан» деп айтпаған болуы керек.

Орыстың этнограф-ғалымы Н.А. Аристовтың (1847 – ө.ж.б.) болжамынша көне арғындар Байқал көлінің оңтүстігіндегі ғұндар (күндер) даласынан қазіргі қазақ даласына Шыңғыс ханның Орта Азиядағы Хорезм мемлекетінің шаһы Мұхаммед II Алаад-Динге (т.ж.б. – 1220 ж.) қарсы 1219 жылы жасаған жорығына дейін-ақ шамамен XII ғасырдың екінші жартысында қоныс аударған екен [79, 89]. Содан кейін Қарақожа батыр өмір сүрген XIV ғасырдың соңындағы қазіргі Қазақстан аумағындағы көне арғындардың негізгі мекен-жайлары [75, 274-275]:

1. Жетісудағы Қаратал өзені мен Алакөл аралығы.
2. Балқаш көлі мен Есілдің төменгі ағысы аралығы.
3. Сырдарияның оң жағасы (қазіргі Қазалы қаласы тұсынан) мен солтүстік ендіктің 48-ші градусы аралығы.

Түркі тайпаларының бәрінің де ерте заманнан бері жеке өздеріне ғана тән жауға қарсы аттанғанда сарбаздарды жігерлендіріп, олардың рухын көтері үшін және балуандар күрескенде, не бәйгеге ат қосқанда көпшілік боп айтылатын атаулы ұрандары болған. Мысалы, XVI ғасырдағы арғындардың ұраны – Ақжол, арғын тайпасындағы сүйіндік руының ұраны – Жолбике⁷¹ Қаракесек руының ұраны – Қарқабат⁷².

Арғындардың көне заманнан бері қолданылып келе жатқан тайпа таңбасы – ОО (көзтаңба).

⁷¹ Жолбике – Мейрам сопыұлы Сүйіндіктің немересі Шоманақтың қатыны, мұны кейін Мейрам сопының кенже баласы Қаржас алады [48, 19]. Осы жерде біреу білсе, біреу білмес демекші айта кетсек, 1628 жылы Есім хан Ташкенттің әміршісі Тұрсын ханды өлтіріп, оның жеті бірдей қызын тұтқынға алады. Сонда Есім хан осы қыздардың алтауын арғын сарбаздарына сыйға тартады: түстеп айтқанда қаракесектің Шаншар батырына – Қызданбике, Айбике, Нұрбике [67, 68]; тобықтының төртінші ұрпағы Сары батырға – Қоңырбике [67, 105]; Шоманаққа – Жолбике; қаракесектің Байбөрісінен туған Жүгенейге – Оразбике [80, 286] тиеді, ал найманның Жанғозы батырына – Жанбике тиеді [80, 287].

⁷² Қарқабат – Мейрам сопының тоқалы, Болатқожаның анасы.

Енді Қарақожа батыр бабамыздың туған жылын анықтап көрелік, Демограф-ғалымдардың есебі бойынша үш ұрпақ бір ғасырды қамтиды екен. Осыны негізгі алып есептесек, Қарақожа батырдың туған жылы шамамен төмендегідей болып шығады:

$1934 - [(100 \times 18) : 3] = 1334$ жыл,

мұндағы 1934 – осы кітаптың бірлескен авторы Жақсыбаев Серіктің туған жылы;

18 – Қарақожа батыр мен Серіктің арасындағы ұрпақтар саны;

3 – 100 жылды қамтитын ұрпақтар саны.

Сонымен, Қарақожа батыр шамамен 1334 жылы туған екен. Алайда кейбір зерттеуші ғалымдар оны 1340-1350 жылдар аралығында туған деп [80, 41] жорамал жасайды. Енді осы жорамал жылдардың орташа есебіндегі 1345 жылды біз есептеп шығарған 1334 жылмен салыстырсақ, бір бірінен айырмашылығы онша алшақ еместігі байқалады. Ендеше Қарақожа бабамыз шамамен 1334 жылы туды деп кәміл айтуымызға болатын сияқты. Әзірге осы жылға тоқтам жасаймыз.

Сонда қазіргі Қарақожа батырдың ұрпақтары өздерінің ата-тегін не бары 21 бабасына дейін ғана таратып бере алады. Бұл сан былайша есептеліп шығарылады:

$(2013 - 1334) : (100 : 3) = 21$,

мұндағы 2013 – қазіргі жыл;

1334 – Қарақожа батырдың шамамен туылған жылы.

Осы жерде мысал ретінде белгілі жазушы Медеу Сәрсекенің Таракты Қарақожаұлының 21 ұрпағы екендігін айтуға болады [67, 9].

Енді бүгінгі арғындардың шамамен қанша ата-бабаларының мүлде ұмытылып қалғанын есептеп шығарайық:

$(2013 + 100) : (100 : 3) - 21 = 42$,

мұндағы 100 – арғын тайпасының шамамен біздің жыл санауымыздан бұрын пайда болған жылы;

21 – осы кезде есімдері белгілі аталардың саны.

Сонымен, бүгінгі арғындардың кем дегенде 42 атасының есімдері ұмыт болғанын мойындауымыз керек. Бұдан былай ұмыт қалған сол ата-бабаларды түгендеу біздің қолымыздан келуі неғайбіл деуден басқа шара жоқ.

Қорыта айтқанда, ендігі жазылатын қазақ туралы шежірелерде ойдан шығарылған «Қазақ» есімді кісіден Бәленше, Түгеншелерді туғызбай, тек есте қалған аталарды ғана сөз қылған жөн дер едік. Әйтпегенде болашақ ұрпақтардың шата-сып кетуі ықтимал.

Арғын бабамыздың туған жылын шамалап болсада анықтауымыз үшін алдымен оның Қотан және Дайырқожа есімді ұрпақтарына тоқталып өткеніміз керек сияқты.

Арғынның Аргүл есімді бәйбішесінен Қотан⁷³ жырау мен Ботан туады. Ботан жас кезінде қайтыс болып, одан ұрпақ қалмаған [48, 14]. Қотан жыраудан Дайырқожа туады [67, 18].

Арғынның немересі Дайырқожа Әбілқайыр ханның сүйікті қазысы болған. Ол әділ төрелік айтатындығы үшін «Ақжол би» деп атанған. Сол заманда қазақтың белгілі батырларының бірі Қарақыпшақ Қобыланды да Әбілқайыр ханға ниеттес жақын адам болады. Дегенмен, Ақжол би мен Қобыланды батыр пендешілікпен бірін-бірі көре алмайтын бақталас боп жүреді. Ақыры осындай ала көздік себеппен Қобыланды батыр Қазақ хандығының құрылуы алдындағы шамамен 1459 жылы Ұлытауда аңшылап жүрген Ақжол биді күрзімен соғып өлтіреді.

Осы қайғылы жағдай жөнінде Шәкәрім Құдайбердіұлының айтқаны:

«Ол биді⁷⁴ Әбілқайыр жақсы көрген,
«Ақжол» деп оң тізеден орын берген.

⁷³ Қотан – кейбір әдебиетте «Қодан» [9, 577], «Кидан» [42, 46] деп те жазылады.

⁷⁴ Ол би – Дайырқожа (Ақжол би).

Қобыланды қарқыпшақ батыр еді,
Намыс қып, күндестікпен сайтанға ерген.
Өлтірген аңда жүріп Ақжол биді,
Қазаққа осы жұмыс ауыр тиді.
Қысасқа Қобыландыны өлтірем деп,
Жар салып Өз Жәнібек халқын жиды.
Жалынған үш кісінің құнын ал деп.
Бермеген Әбілқайыр Қобылдыңы,
Қалған ел мұны өлтірсем бұзылар деп» [59, 34].

Сонда Қотан жыраудың қаза болған баласының сүйегін айналып жүріп, жылағанда айтқан төмендегі қайғылы жыры сан ғасырлар бедерінде өшіп кетпей, ел аузында сақталып бізге жетті:

«Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!
Сексен асып, таяғанда тоқсанға,
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным?!
Адасқанын жолға салдың бұл Ноғайлы ұлының!
Аққан бұлақ, жанған шырақ, жалғыз күнде құрыдың!
Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным?!»
[81, 113].

Қотан жырау шамамен 1370 жылы туылған десек [80, 42; 42, 46], онда ол бұл жырды 89 жасында (1459-1370) айтқан болып шығады, яғни, өзі жырлағандай, тоқсанға таянған шағында.

Енді Қарақожа батыр мен Қотан жыраудың туған жылдарын жоғарыда көрсетілген мерзімдерге сәйкес 1334 және 1370 деп ала отырып есептегенде осы екеуінің аралығындағы уақытта дүниеге келген Арғын бабамыз шамамен 1352 жылы $[1334+(1370-1334):2]$ туған боп шығады. Демек, Арғынның 18 (1370-1352) жасында Қотан жыраудың туылғаны шындыққа жанасатын секілді.

Арғын бабамыздың XVIII-XIX ғасырлардағы атақты ұрпақтары Бұқар жырау, Көтеш ақын, т.б. Қотан жырауды арғы атамыз деп санаған. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Қотан

жыраудың кім екендігі жөнінде былай деп жазады: «Бұқарекен (Бұқар жырау. – С.Ж.) айтыпты деген бір сөз бар:

Бәрімізді сұрасаң,
Қотанбайдың⁷⁵ баласы,
Арғындардың сабасы.
Қарақожа бас болып,
Қабыл болсын дуасы» [48, 14].

Ал, Райұлы Көтеш ақынның айтқаны:

«Қазақта Арғын ата болған зерек,
Басқадан ол кісінің жөні бөлек.
Біздердің түп атамыз ақын Қотан,
Өзгеден өлеңге үстін болса керек» [48, 14].

Айтпақшы, Қобыланды батырдың Ақжол бимен бақталастығы және оның Ұлытаудың құба жонында аңшылап жүрген биді бұзау бас қара шоқпармен дәл төбесінен ұрып өлтіргені жайлы Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» атты романында егжей-тегжейлі айтылғанын [82, 100-104] оқырмандардың есіне саламыз.

Дайырқожаның бәйбішесінен Қарақожа бай, тоқалынан Тәнбі сопы туады [67, 18]. Осы арада мына бір жайтты айта кетсек, Арғынның әкесі мен шөбересінің есімдері бірдей «Қарақожа» деп аталатындықтан кейбір шежірешілер, сірә, мұны қателікке санап, екінші Қарақожаны ата – тек таралымынан алып тастап жүр деуге болады. Шындығында бабасының есімін кейінгі ұрпақтардың біріне қою – түркілерде ертеден бар дәстүр екені жоғарыда айтылды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде Тәнбі сопыдан⁷⁶ Үсенбай, Елемес туылған [48, 15], ал басқа бір деректе – Саржетім, Шақшақ [80, 44].

⁷⁵ Бұл өлең жолында Бұқарекен жеті буынды өлеңнің ырғағымен «Қотан жыраудың» демей «Қотанбайдың» деп айтқан болуы керек.

⁷⁶ Тәнбі сопы – бұл есім кейбір деректерде Сомдық немесе Сұмдық деп аталады [80, 44, 53].

Дайырқожаұлы Қарақожаның Қарлығаш есімді бәйбішесінен Мейрам сопы, Момын есімді тоқалынан Ақ сопы, Қара сопы, Сары сопы, Арық сопы, Кенже сопы туады.

Мейрам сопы Нұрпая, Нұржамал, Қарқабат, Бибігүл есімді төрт әйел алған. Оның бәйбішесі Нұрпаядан – Қуандық пен Сүйіндік; Нұрпаяның жанына еріп келіп (ол келін болып түскенде), еліне қайтпай қалған жеңгесі Нұржамалдан – Бегендік пен Шегендік; Нұрпаяның ұзатылғанда жанына түйе жетектеуге қосып берген күң Қарқабаттан – Болатқожа; Бибігүл есімді жас тоқалынан – Қаржас туады.

Ақ сопыдан Қанжығалы мен Тобықты, Қара сопыдан Бәсентиін мен Қарауыл, Сары сопыдан Атығай мен Есен-Аман [80, 47].

Қолымыздағы жинақталған шежірелерде Арық сопы мен Кенже сопыдан таралатын аталардың есімдері көрсетілмейді, тегі, бұл адамдарда ұрпақ болмаған (3 сурет).

Шежірешілер әдетте Мейрам сопы ұрпақтарын «Үлкен арғындар», Момын ананың «Бес Момын» аталған ұлдарының ұрпақтарын «Ортаншы арғындар», Тәнбі сопының ұрпақтарын «Кіші арғындар» деп атайды.

Жоғарыда аталған Тәнбі сопыдан бастап Кенже сопыға дейінгі жеті сопыға байланысты әлдеқандай сырлы жағдаяттар бар секілді. Жалпы, сопы сөзі дін жолына түскен құдайшыл адамның атауы болғанда, біздің ойлауымызша, Дайырқожа Айнакөз есімді тоқалынан туған баласына әу баста «Тәнбі» деп есім береді. Ал, сопы атауы оның есіміне ер-азамат болғанда қосақталады. Сондай-ақ Қарақожаның баласы Мейрамға да сопылық атау кейін беріледі. Сондықтан бұл екеуінің есімдері қағазға жазылғанда сопы сөзі олардың есімдеріне қосылып жазылмай «Тәнбі сопы», «Мейрам сопы» деп бөлек жазылуы керек. Ал, бүгінде бұл есімдер көбіне «Тәнбісопы», «Мейрамсопы» болып бірге жазылып жүр. Енді Момын ананың бес баласына келетін болсақ, оларға да туғанда қойылған ныспылардың